


ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2014





ИНВЕСТИЦИИ

1	15	30	2	7	34
2	8	18	8	16	30
3	10	8	6	11	
4					
5					

Моя высота

www.kazspool.kz

ENTREPRENEURSHIP AND BUSINESS EDUCATION IN EMERGING WORLD

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Forbes

Алғысөз

Бұл жылдық есеп Ержан Тәтішев Қорының қызметіне қорытындылау жасап, бір жыл ішіндегі профильдік және қаржылық іс-әрекетінің нәтижелерін назарға ұсынады. Есеп оқырмандардың кең шеңберіне ұсынылған, және жүзеге асып отырған бағдарламалар аумағындағы Қор бенефициарларының қызметіне, яғни олардың үлгерім нәтижелеріне, өткен жыл ішінде іске асқан жемісті әлеуметтік жобаларына, сонымен бірге Қазақстанның болашақ бизнес элитасын қалыптастыру мақсатымен көшбасшылық қабілеті бар жастарды тәрбиелеу және жоғары деңгейлі кәсіби мамандарды дайындау міндетін мойнына алып отырған Қорымыздың үкіметтік емес ұйымдар өкілі ретінде атқаратын қызметі мен рөліне шолу жасайды.

Болашақ бүгіннен басталады...

Құрметті оқырмандар!

Көзді ашып жұмғанша тағы да бір жыл өте шықты... Назарларыңызға 2014 жыл ішінде жасалған жұмыс нәтижелерін үлкен мақтанышпен ұсынғымыз келіп отыр. Бізге күш беріп, жігерлендірген қуанышты сәттер де болды, ой түйіндетіп, сабақ болған келеңсіз жағдайлар да сырт айналмады.

Қазіргі таңда Қор өзінің кемелдену деңгейіне жетті деп айтсақ та болады. Қордың өз мақсаты мен негізгі бағытын ұғынған сәтінен бастап күні бүгінге дейін өз қызметінде әділдік пен ашықтықты, нәтижелілік пен жоғары сапаны, бар әдістердің ішінде ең үздіктерін қолдануды басты құндылық, баянды бағдар етіп отыр. Қор Қазақстан жастарының арасында көшбасшылықты ілгері жылжытуды негізге ала отырып, қызметті жақсартуға бағытталған өзгерістерді қабылдауға даяр. Өткен жыл ішінде Қор стипендиаттарының білім алып отырған серіктес университеттерінің құрамы өзгеріп, бағдарлама жұмысын реттемелеуші құжаттарына өзгерістер енгізілді.

Осы уақыт аралығында бізге әрдайым қолдау көрсеткен сенімді серіктестеріміздің, әріптестеріміздің, достарымыздың бар болғаны қуантады! Сенімді қарым-қатынастар, ортақ мақсаттар және қағидаттардың болуы бүгінгі күні өз жемісін баруде. Қызметіміздің ауқымды бөлігі қайырымдылықпен байланысты болғанымен, біз өзімізді жыл сайын қанатының астынан көшбасшы болатын жаңа ұрпақ ұшырып, жастарды дамытатын ұйым ретінде қарастырамыз. Грант үміткерлерін іріктеу өткізу барысында үлгерім мен еріктілік іс-әрекетке жоғары талап қоя отырып, сандық емес, сапалық көрсеткішке көңіл бөлетініміздің оңды стратегия екеніміне күмәнданбаймыз. Білім гранттарына үміткерлерді таңдау кезеңінен бастап-ақ артықшылық ең дарынды, талантты балаларға, бүгінгі экономист, қаржыгер, маркетинггердің орнын басатын лайықты буын жастарына беріледі. Жастар әлеуетін дамытатын ұйымның атын ақтай отырып, ертеңгі елдің экономикасына өз үлестерін қоса алатын, жауапкершілігі мол және әлеуметтік міндеттерін ескеретін жоғары дәрежелі мамандарды даярлайтынымызды мақтан тұтамыз.

Биылғы жылы өзіміздің қамқорлығымыздағы он шәкірттің диплом алуының куәсі болдық. Оның ішінде бесеуі – бакалавр, ал тағы да бесеуі колледж бітірушілері – орта-кәсіптік мамандық иелері. Оқу бітірген жастардың барлығы дерлік өз мамандықтары бойынша қызмет етіп, стипендиаттардың абыройын арттыра, Ержан Тәтішев Қорының ерен жүйріктері қатарын толықтыруда. Мұқият іріктеу жүргізу нәтижесінде үш грант Мектеп, колледж және балалар үйілері түлектеріне арналған білім гранты бағдарламасы бойынша, үш грант Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім гранты бағдарламасы бойынша берілді. Кентау қаласының №16 мектеп-лицейінің сегіз белсенді оқушысы Ержан Тәтішев атындағы арнайы стипендия иегерлері болды.

Осы міндетті орындау барысында немқұрайлы қарамай, бізге көмек көрсеткен баршаларыңызға Қордың атынан ризашылығымды білдіріп, алғыс айтамын. Сіздерге шығармашылық табыс, барлық бастамаларыңызға сәттілік, істеріңізге табыс пен бар жақсылықты тілеймін!

Құрметпен,



Қор Президенті
Дана Жарықова

Болашақ бүгіннен басталады...

Кіріспе

1. Қордың білім беру бағдарламалары
 - 1.1. *Бакалавр дәрежесін алу үшін білім гранттары бағдарламасы*
 - 1.2. *Мүгедектерге арналған білім гранттары бағдарламасы*
 - 1.3. *Кентау қаласындағы №16 мектепке қолдау көрсету*
2. Біздің түлектер
3. Стипендиаттар клубы
4. Біздің жетістіктер
5. Қаржылық есеп

Мекен-жайымыз

Кіріспе

Белгілі қаржыгер және талантты басқарушы, банк саласының қызметін жақсартуда үлкен үлес қосқан, Ержан Нұрелдайымұлы Тәтішев, Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Тұрбат деген шағын ауылда, қарапайым отбасында дүниеге келді. Әкесі – Кентау қалалық ауруханасының бас дәрігері, анасы орта мектепте физика пәнінен сабақ беретін. Мәскеулік және Алматылық екі университеттің дипломын алған Ержан, өзінің еңбек жолын «Мадина» деген кішігірім кәсіпорынында бастайды. Өз ісінде алдыңғы шепте болуы, қойылған мақсатқа қол жеткізуіндегі өжеттілігі және кәсіби менмендігінің арқасында ол «Астана Холдингтің» вице-президенті, кейіннен «Казкомерцбанк» Акционерлік Қоғамының, бертіннен «ТуранАлемБанкінің» Басқарушы Төрағасы болып тағайындалды.



Өз ісінің маманы болған ол, оңай деген тапсырмаларды орындаудың өзін эксперттік тұрғыдан қарастырып, креативті тәсілді қолдануға тырысты. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуді әдетке айналдырған Ержан, сол кезде қосылу кезеңінде тұрған Тұран мен Әлемдік банктерін «аяғынан тұрғызды». Өз клиенттеріне жоғары дәрежеде қызмет көрсету және қажеттіліктерін комплексті түрде және қол жетімді бағада қанағаттандыру БТА банкісінің басты алғышарты болды. Ақылмен басқарып, жаңашыл тәсілдер мен жан-жақты әдістерді қолдануы Тұран Әлем Банкісінің екінші деңгей банкілері ішінен топ жарып, Қазақстандағы толық құрылымды кәсіби қаржылық топ қатарына қосылуына себепкер болды.

Ержан Тәтішев Қоры өзінің қызметін 2005 жылы бастады. Қайырымдылық қорын құру идеясы Ержан Нұрелдайымұлы Тәтішевтің қайғылы өлімінен кейін пайда болды. Қордың мақсаткерлігі – халықаралық деңгейдегі жоғары білікті қаржылық элитаны қалыптастыру арқылы Қазақстанның тұрақты ұзақ мерзімдік дамуына ықпал ету. Бастапқыда Қор қызметі гуманитарлық көмек көрсету шеңберінде қайырымдылық жасаудан бастап, ҰЕҰ-ға арналған кішігірім гранттар бағдарламасына дейін түрлі бағыттарда шоғырланған-ды. Түрлі бағыт пен бағдарды байқау барысында түрлі мақсаттық топтармен жұмыс істеп, сан алуан әдіс-тәсілдер қолданылды. Өзіндік «стилі» мен орнын табудағы ізденіс нәтижесінде жағдайы төмен отбасыларындағы балалар, балалар үйінің тәрбиеленушілері, мүмкіндігі шектеулі жандар секілді көмекке зәру топтарды қолдау бағдарламаларына бастау беруге ықпал болды. Осы әлеуметтік топтар үшін сапалы білімнің қолжетімсіз екені анықталды.

Өзінің мақсаттық тобын қолдау жолында Қор бүгінгі күні жоғары дәрежелі маман ретінде жастардың бірнеше буынын қанаттандырған негізгі білім беру бағдарламаларын іске қосты. Кейіннен объективті себептерге байланысты жобалардың кейбірі бір ағымға келіп, кейбірі мүлде тоқтатылды. Стипендиаттардың көшбасшылыққа деген ынтасын арттыра отырып, Қор өзіне де, қоршаған ортаға да жауапкершілікпен қарауға үйретеді, адами принциптер мен гуманизмге беріктілікті жүректеріне ұялатады. Қазірдің өзінде Қор түлектері қазақстандық және халықаралық деңгейде жұмыс істейтін ірі компанияларда еңбек етіп, Ержан Нұрелдайымұлының лайықты ізбасарлары мен отанымыздың сенімді азаматтары екендері дәлелдеп отыр.

1. Қордың білім беру бағдарламалары

Ержан Тәтішев Қорының жүзеге асырып отырған бағдарламалары 2007 жылы іске қосылып, осы уақытқа дейін біршама өзгерістерге ұшырады. Қазіргі таңда Қордың ағымды бағдарламалары уақыт сынынан өтіп, өзінің аудиториясын тапты: олар айқын бағыт пен өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталып, нақты бір «клиентке» дөптелген. Бағдарламаның негізгі бағыт-бағдарын сақтай отырып, Қор жыл сайын уақыт талабына сай қажетті енгізулер жасайды, техникалық аспектілерін қайта қарастырып, бағдарлама тәртібі мен барысын жеңілдететін, я күрделендіретін өзгерістер жасайды.


Қазіргі таңда Қор негізгі үш бағдарламаны жүзеге асырып отыр: Мектеп, колледж және балалар үйінің түлектеріне арналған білім гранттары бағдарламасы, Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім гранттары бағдарламасы, Ержан Тәтішев атындағы арнайы шәкіртақы бағдарламасы. Әр бағдарлама белгілі бір мақсаттық топ қажеттіліктерін қанағаттандырып отырса да, олардың бәрі де бір мақсатқа кенелген – дарынды жастардың жеке тұлға және кәсіби маман ретінде қалыптасуларына қажетті таптырмайтын ресурс, білімге жол ашу. Қор құрылғалы бері жоғары білім алу үшін 50 грант, орта-кәсіптік білім алу үшін 35 грант бөлінді. Оның ішінде 45 түлек оқуларын бітіріп, дипломдарын иеленді. Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласындағы №16 мектепте дәріс алып отырған 64 оқушы Ержан Тәтішев атындағы арнайы шәкіртақы иегері атанды.

Білімді қолдау – ұзақ мерзімді инвестиция, ал әлеуметтік жауапкершілігі бар ұрпақты тәрбиелеу – үлкен тер төгіп еңбек етуді талап ететін іс. Грантқа іріктеудің әрбір кезеңінде қолданылатын әдістердің мейлінше объективтілігі, іріктеу кезеңдерінің анықтығы мен ашықтығы, заманауи әдістердің қолданылуы оқуда да, әлеуметтік пайдалы істерде де өздерінің артықшылықтарын, ерекшеліктерін және білімділіктерін дәлелдеуге даяр жастардың Қор стипендиаттары қатарын толтыруға мүмкіндік береді. Бағдарламаларды жүзеге асыру барысында уақыт сынағынан өткен ережелер және әдіс-тәсілдердің қолданылуы, үздіксіз мониторингтен сарапталып, ішкі және сыртқы факторлар салдарынан уақыт талабына сай өзгерістердің енгізілуі әр бағдарламаның табысты болыуын қамтамасыз етеді.

1.1. Бакалавр дәрежесін алу бойынша білім гранттары бағдарламасы

Мектеп бітірушілерге, колледж және балалар үйлерінің түлектеріне арналған Бағдарлама – Қор бағдарламаларының ішіндегі ең шығынды және кең көлемді бағдарлама. Аталмыш бағдарламаның тағы да бір атауы – қаржы, экономика және банк ісі саласында бакалавр дәрежесін алу бойынша білім гранттары бағдарламасы. Оның негізгі артықшылығы стипендиаттар арасында көшбасшылық пен бәсекелестікті дамыту болып табылады. Бағдарламаның шартына сәйкес әр стипендиат оқу үлгерімін түсірмеуі, еріктілік жобаларға қатысу арқылы әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарды қолдайтынын көрсетуі, әділдік пен гуманизмді насихаттауы тиіс. Бұл бағдарлама бойынша берілетін білім гранттары байқауы әр жылдың басында басталады. Үміткерлер тәуелсіз Байқау Комиссиясының сараптауынан өтеді, ал барлық іріктеу процесі жеті айға созылады.

Биылғы жылы стипендиаттар саны үш адамға өсті – білім гранттары Қарағанды, Тараз және Шымкент қалаларының өкілдеріне берілді, олар 2014 ж. қыркүйек айынан бастап КИМЭП Университеті (KIMEP), ALMA Management University (ALMU) және Сүлейман Демирел атындағы Университетінде (SDU) оқи бастады. Грант иегерлері сырттай және көзбе-көз бағалаудан, жалпы үш кезеңнен тұратын байқаудың барлық сатыларынан өтті. Сырттай бағалау кезеңі грант үміткерлерінің жеке қасиеттері мен қабілеттерін сипаттап, интеллектуалдық деңгейі мен қаржылық әл-ауқатын көрсететін өтінімге сүйене жасалады, ал көзбе-көз бағалау кезінде үміткерлер интерактивті әдістерді қолдана отырып өткізілетін бизнес-ойынға қатысады. Гранттарды тағайындау 2-айналым, яғни бизнес-ойынының нәтижелеріне сүйене отырып ұйғарылды. 2-айналым барысында әрбір үміткер өзінің қабілеттілігін, өтінімде жазылған жетістіктерін дәлелдеп, интеллектуалдық және эмоционалдық мүмкіндіктерін көрсете білуі қажет. Аталмыш бағдарлама бойынша оқу серіктес университеттерінің ағылшын тілі бөлімінде болғандықтан, байқау қатысушылары КЕЕТ (Kimer English Entrance Test), яғни ағылшын тілінен жазбаша және ауызша емтихан тапсырулары шарт. Бұған қоса үміткерлер өздері таңдаған университеттердің қабылдау емтихандарын ойдағыдай тапсырулары тиіс.



Айсұлу Еникеева
Тараз қ., СДУ

Алзаир Кебекбаев
Шымкент қ., ALMU

Әмірхан Сапабеков
Қарағанды қ., КИМЭП

Болашақ бүгіннен басталады...




Болашақ бүгіннен басталады...




Болашақ бүгіннен басталады...


Көрсетілген диаграммадан 2014 жылы байқауға қатысқан грант үміткерлерінің таңдалған оқу орындарына, жыныстық және аймақтық көрсеткіштеріне сай қандай үлеске ие болғандарын көруге болады. 1-сурет байқауға қатысқандардың қызығушылығы көбінесе КИМЭП Университетіне түскенін (52%), одан кейін қалаулы оқу орындарының рейтингісіне сәйкес ALMU (23%) және Сүлейман Демирел Университеті (20%) орын алды, ал тізімді тәмамдаған Халықаралық Бизнес Университеті (5%). 2-суретте үміткерлердің саны жағынан қыздардың асып түскендері айқын көрінеді (67%), ұлдар төмен белсенділік танытты (33%). Аймақтық белгілер бойынша Қордың гранттарына қызығушылық білдіргендердің басым көпшілігі Алматы қаласының (22%) және Алматы облысының тұрғындары (14%), одан азырақ үлесті Тараз қаласының өкілдері иемденді (11%), Қарағанды және Қостанай қалалары өзара бірдей үлесті бөліп алды (7%), Қызылорда, Шымкент, Шығыс-Қазақстан облыстары соңғы орынның алдында орналасты, ал ең аз адам саны Астана, Петропавл, Рудный, Степногорск, Орал қалалары мен Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарынан болды.



1-сурет. ЖОО-ын таңдаудағы үміткерлер үлесі



2-сурет. Жынысы бойынша үміткерлер үлесі



3-сурет. Аймақ бойынша үміткерлер үлесі

Болашақ бүгіннен басталады...

Былырғы жылы Қордың серіктес университеттерінде білім алу бағдарламасы бойынша 5 адам оқуларын тәмамдады. Оқу және еріктілер жобаларын іске асыру барысында стипендиаттардың жинақтаған білімдері мен машықтары оларды құрбыларынан едәуір тәжірибелі болуға және еңбек нарығындағы бәсекелесу мүмкіндігінің артуына әкеледі. Қор түлектері Deloitte, Ernst&Young, KPMG және PricewaterhouseCoopers сияқты Үлкен төрттікке кіретін ірі халықаралық аудиторлық компанияларда жұмыс істеп жүр. 2014 жыл түлектері соңғы курста талап етілетін тәжірибелік жұмыстарын өткен кәсіпорындар мен компаниялардан шақыру алып, диплом ала салысымен, жұмысқа кірісті. Қазіргі кезде олар алкогольсіз сусын шығаратын «Кока-Кола Алматы Ботлерс» кәсіпорны, әлемдік нарықтағы тұтынушы тауарларын өндірісінің көшбасшысы ТОО «Procter & Gamble Kazakhstan», ұялы байланыс операторы «Теле-2» сияқты компанияларда өз орындарын тапты.

1.2. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім гранты бағдарламасы

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім гранттары бағдарламасы – арнайы мектептердің бітірушілеріне орта кәсіптік білім алуда қолдау көрсетуге бағытталған Қордың мақсатты бастамасы. Бағдарлама ерекшелігі – белсенді өмірлік ұстанымы бар, әрі қарай дамуға ықылас байқататын, өздері таңдаған салада сапалы білім алып, маман болуға ынталанған, қоғамның пайдалы, толыққанды азаматы ретінде өмір сүруге ниет білдірген мүмкіндігі шектеулі жандардың сұранысына жауап беретін бірегейлігі. Бұл бағдарлама бойынша өткізілетін байқау талаптарының ішінде: жоғары академиялық үлгерім, белсенді өмірлік ұстаным және отбасының қаржылық жағдайының төмендігі, алайда іріктеудің басты критерийі болып ішкі талпыныс, тәуелсіз болуға және ішкі қабілеттерін ашуға деген ұмтылыс болып табылады.

Мектеп, колледж және балалар үйінің түлектеріне арналған білім гранттары Бағдарламасы бойынша өтетін байқау секілді, осы Бағдарлама іріктеуі үш айналымнан тұрады. Бірінші, сырттай баға беру кезеңінде, байқау қатысушыларының жеке қасиеттері мен қабілеттерін ашатын, оқуда және оқудан тыс әрекетінің жетістіктерін көрсететін өтініміндегі керекті құжаттарды тапсыру қажет. Бағдарламаның шарты бойынша үміткерге мамандық пен тұрғылықты жеріндегі орта кәсіптік оқу орнын таңдауда шектеу қойылмайды. Байқауға Қазақстанның арнайы мектептер түлектері қатыса алады, ал байқаудың бірінші кезеңінен өткен балалар Қор кеңсесіне жартылай құрылымды сұхбат түрінде өтетін екінші айналым сынағына шақырылады, қаладан тыс жерлерде тұратындармен сұхбат видеочат түрінде өтеді. Сұхбат үміткердің грантқа лайықты, я лайықсыз екенін анықтауға мүмкіндік береді, өйткені тілдесу барысында Байқау Комиссиясы үміткердің бойындағы қабілетін көруге мүмкіндік алады, ал ең бастысы үміткердің дамуға, қатарынан қалыспай, алға ұмтылыс жасауға талпынысының бар-жоғын көре алады. Бағдарламаға үлкен қайырымдылық элемент тән, бұл, бірінші кезекте, еріктілік жұмысқа қатаң талаптардың болмауынан байқалады. Алайда стипендиаттардың өз қалауларымен бастама алған жобалар әрқаз Қор қолдауын табады. Психологиялық тежеулерге төтеп бере алатын ішкі өзек пен үлкен ынта – бағдарлама жеңімпаздарының бойында болуға тиіс қасиеттер.


Көрсетілген диаграммада грант үміткерлері небір мамандықтарға қызығушылық танытып отыр. Аудармашы мамандығы жоғары сұранысқа ие (32%), мұндай қызығушылық Қор қолдауына мұқтаж балалардың денсаулықтарының әлсіздігінен, үлкен күш-қуатты қажет етпейтін әрі үйден отырып жұмыс істеуге болатын кәсіппен айналысса деген ата-аналардың үмітімен байланысты. Есепші мен медицина мамандықтары екінші орында (19%-13%), есепші мамандығын таңдағандар да «отырма» кәсіпке қызығушылық танытты, бұл жұмыс түрін де қашықтан отырып істеуге болады деген түсініктен қалыптасып отыр. Медицина мамандығына сұраныс ата-аналардың өз балалар болашағына қам жеумен байланысты. Медицина саласында білім әперуге деген ұмтылысқа денсаулықпен байланысты туындаған мәселелерді өз бетімен шеше алар деген ата-ананың үміті негіз болып отыр, бұл мұндай отбасылары үшін, өз алдына, өмір сүру стратегиясы болып табылады. Қалған мамандықтар, мәселен: орта мектепте ағылшын тілінің мұғалімі, мектепке дейінгі білім беру, маркетинг, информатика, IT-технологиясы, құқықтану, флористика өзара бірдей бөліктерге ие болды (6%).

Болашақ бүгіннен басталады...


Білім грантын тағайындау жөнінде шешім қабылданған кезде үміткердің қабілеті мен қажеттілігіне сай мамандық таңдауы үлкен рөл атқарады. Кейбір жағдайларда нарық қажеттіліктерінен хабарсыз жастар өз мүмкіндіктерін бағалай алмай, еңбек нарығына керексіз немесе олардың денсаулық ерекшеліктерін ескермейтін кәсіп таңдайды. Бұл мүмкіндігі шектеулі балалардың оқшау өмір сүруімен, ақпарат көздерінің қолжетімсіздігімен, ата-аналарының көмегінсіз өз беттерімен жүріп-тұра алмауларымен, жалпы бейқамдықтарымен түсіндіріледі. 6-сурет байқауға қатысқан қыз балалардың үлесі (81%) ер балаларға (19%) қарағанда 4,3 есе артық екендігін көруге болады. Жыныстық көрсеткіш бойынша мұндай айырмашылық қыздардың белсенділігін, ілгері ұмтылсын және эмоционалдық кемелденуін айқын көрсетеді. Үміткерлерге аймақтық көрсеткіш бойынша санақ жүргізгенде, жақын аймақтардың, яғни Алматы қаласы мен Алматы облысының тұрғындары үлкен белсенділік танытқанын көреміз.



4-сурет. Үміткерлердің таңдалған мамандықтар бойынша үлесі



5-сурет. Үміткерлердің жынысы бойынша үлесі



6-сурет. Үміткерлердің аймақ бойынша үлесі

Алдыңғы байқаулар сияқты, 2014 жылы да артықшылық талантты, дарынды, еңбексүйгіш, өз бетінше шешім қабылдай алатын және жауапкершілікті өз мойнына ала білетін жастарға берілді. Гранттар Алматы қаласындағы қимыл-қозғалыс-тірек жүйесі бұзылған балаларға арналған №2 мектеп-интернатын бітірген балалардың еншісіне тиді. Балалардың бәрі байқау талаптарына сай келді, ал жеңімпаз атанған бір бозбала FLEX білім беру бағдарламасының түлегі болып табылады.

Болашақ бүгіннен басталады...



Дамирхан Ибралинов
Алматы қ., Алматы қазақ-түрік шет
тілдері гуманитарлы-технологиялық
колледжі

Ақерке Мажитова
Алматы қ., №1 Алматы қазақ
мемлекеттік гуманитарлы-
педагогикалық колледжі

Алвина Ахметқазы
Алматы қ., Профессор
Рузитдиновтың
стоматологиялық колледжі

1.3. Кентау қаласындағы №16 мектепке қолдау көрсету

Ержан Тәтiшев атындағы арнайы шәкіртақы бағдарламасы – 2007 жылы іске қосылған Қордың ағымды бағдарламаларының бірі. Сегіз жыл бойы Қор Кентау қаласының Ю.А. Гагарин атындағы №16 мектеп-лицейінде оқитын бастамашы дарынды балаларға ай сайын шәкіртақы беріп, қолдап отыр.

Бағдарламаның негізгі критерийлері – жақсы үлгерім, көшбасшылық қабілет, сыныпта және мектепте өткен әлеуметтік пайдалы шараларға қатысу. Бұл бағдарлама аясында сабақ үлгерімдері 4,0 ұпайдан жоғары, пәндік олимпиадаларда және әлеуметтік пайдалы іс-шараларда жетістіктермен көзге түскен 8, 9, 10, 11- сынып оқушылары ынталандырылады. Талапкерлердің әлеуеті соңғы оқу жылының табелдері, мақтау қағаздары, дипломдары, сертификаттары жиналған портфолиолары негізінде бағаланады. Биылғы жылы байқаудың техникалық – сырттай және творчестволық – негізгі бөлігі біраз өзгерістерге ұшырады. Техникалық бағалауда оқу үлгеріміне бұрыңғыдай 4,5 емес, 4,0 ұпай талап етіледі, себебі үздік академиялық нәтиже адамға жан-жақты баға бере алмайды, үлгерімі орташа оқушының ар жағында жарқын және күшті көшбасшылық қабілеті бар адам жатуы әбден мүмкін. Шығармашылық бөлімде сұхбат пен дәстүрлі эссенің орнына қатысушылар Байқау Комиссиясының назарына сынып, мектеп, аудан немесе қала өміріне жағымды өзгерістер әкелетін жобалық идеяларын ұсынулары тиіс. Бұл өзгерістерді енгізудің себебі – шығармашылық бастамалар арқылы өздерінің көшбасшылық қабілеттерін бұрын-соңды көрсете алмаған оқушыларды анықтау және қолдау.

Арнайы шәкіртақы бағдарламасы байқауының жеңімпаздары қазіргі қоғамның ғалами проблемаларынан бастап, қарапайым адамдардың күнбе-күн тап болатын мәселелердің шешілуіне бағытталған сан алуан идеяларды ұсынды. Мұнда атап өтетін жағдай – балалар өз ойларын қағаз бетіне түсіріп, толыққанды сипаттай алмағандары, сонымен бірге жобаларды дайындау әдістемесінің ерекшеліктерін жетік түсінбегендері сыналған жобалардың дайындау барысы біраз қиынға түсті. Байқау қатысушылары SMART- критерийлер сияқты түсінікке көз ашты, әдеттегі эссе мен жоба идеясының арасындағы айырмашылықты түсіне бастады, мәселенің өзі мен оны шешуге қажетті нақты қадамдарды сипаттаудың арасындағы айырмашылықты ұғынды.

Байқаудың барлық кезеңдерінен өткен сегіз жобалық идея мектеп оқушылары өмірінің түрлі салаларын қамтиды. Мысалы, Кирилл Верекиннің «Тұлғаны қалыптастырудағы музыканың

Болашақ бүгіннен басталады...

алатын орны» жобасы аясында балаларды музыка әлемі жайында хабардар етіп, олардың шығармашылық қабілеттерін ашуға бағытталған қосымша сабақтар ұйымдастырылады. Дмитрий Алексеевтің ұсынған «Экстремалдық тайм-менеджент» жобасы өз уақытын үнемді жұмсауды дағдыға айналдырғысы келетін адамдарға арналған. Рузалия Губайдуллинаның «Шахмет үйірмесін жаңарту» атты жобасы шахмат ойынқұмарларын ширатуға, ал ойынға жаңадан әуестенген адамдардың осы интеллектуалдық спорт түрін игеріп, ой-өрістерін кеңейтуге көмектеседі. Жеңімпаз атанғандардың ішінде лицейліктердің тек интеллектуалдық өмірін түрлендіретін жобалар ғана еленіп қойған жоқ: Дилмурод Имамиддинов ата-аналар сабақтан шыққалы тұрған балаларын күткен кезде отыратын ыңғайлы орындықтар жасап, мектепалды алаңын жақсартуды ұсынды. Бұған қоса Дилмурод қоғамдық пайдалы жобаны мектепте өтетін еңбек сабағымен ұштастыруды ұсынып отыр. Бұл жобаны жүзеге асыруға қажетті уақытты үнемдейді, жұмыс барысы кәсіби маман, яғни еңбек пәні мұғалімімен қадағаланады, және оқушылардың мектеп мүлігіне жауапкершілікпен қарап, өз қолдарымен жасаған затты күтіп ұстауға үйретеді. Жобадан интеллектуалдық маңызы бар әрі қолданбалы сипаты бар екі жақты пайда Жахонгир Юсуповтың биология кабинетінде жан-жануарлар бұрышы жобасында байқалады. Бір жағынан оқушылар жабайы аң-құстың өміріне өз көзімен бақылау жасап, сабақтың қызықты өтуіне мүмкіндік берсе, екінші жағынан балаларды тірі жәндіктерге қамқор болуға үйретеді. Рубина Кадербердиева өзінің жобасында күш-жігерін оқушылардың шығармашылық бастамаларын ашуға бағыттап отыр: лицейде драмтеатр үйірмесін ашуды жоспарлаған ол, атақты классиктердің шығармаларын ағылшын тіліндегі қойылымдарда жандандырмақ. Драмтеатр үйірмесінің жұмысы екі мақсатқа бағдар алып отыр – балаларды шығармашылыққа баулытып, үйірме мүшелері мен көрермендердің ой-өрісін кеңейту, және ағылшын тілінде еркін сөйлесу ортасына жағдай жасау. Инклюзивті білім беру сұрағына немқұрайлы қарамаған Мария Курносикова, «Қайғы бөтен болмайды!» деген жобамен көзге түсті. Бұл жоба инклюзивті элементті күшейтеді деп шамалаған жоба авторы, №16 арнайы эксперименталдық сыныпта оқып отырған мүмкіндігі шектеулі балаларды мектептің әлеуметтік өміріне тартуды ұсынып отыр. Жай сынып оқушылары инклюзивті сыныптың балаларымен сабақтан тыс қарым-қатынас орнатып, сабақтарына көмек береді және психологиялық қолдау көрсетеді деп күтілуде. Анастасия Лузинаның «Ата-аналарға e-learning жүйесін қолдануды үйрету» жобасы ата-аналарды балаларының үлгерімдері жайында аталмыш жүйе арқылы хабардар етуге бағытталған. Бұл электрондық жүйе Қазақстанның барлық мектептерінде енгізілген, ал оның техникалық мән-жайын жетік білу оқушылардың үлгерімдерін қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

Болашақ бүгіннен басталады...



Биылғы жылы Қордың қолдауымен №16 мектеп-лицейіндегі мұражайға қайта жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мұражай стендтері жаңартылып, Тәтішев отбасының архивіндегі Ержан Нұрелдайымұлы Тәтішевтің мектептік және студенттік өмірінен, кәсіби қызметімен байланысты суреттер, туыстары мен жақындарының ортасында түскен суреттері жаңартылды. Мектеп үлкен белестерді бағындырып, қандай биікке көтерілсе де түп-тамырын ұмытпай, адамдық қасиеті мен адалдық сезімін жоғалтпаған өзінің жұлдызды оқушысын жадысынан шығармайды. Оның жеке және кәсіби қасиеттері оны үлгі алуға тұрарлық тұлға еткендігі өсіп келе жатқан ұрпақтың дарын мен еңбексүйгіштік жеміс беретініне сенімін арттырады. №16 мектеп-лицейі жыл сайын дәстүрге айналған Ержан Тәтішевтің туылған күніне орай Кентау қаласының мектептері арасында әскери-спорттық жарыс өткізеді. Биылғы жылы әскери-спорттық эстафета, Ержан Нұрелдайымұлының сүйікті спорт түрі, волейбол сияқты жарыстардан, интеллектуалдық және шығармашылық байқаулардан сегіз мектеп күш сынасты. «Интеллектуалдық казино» ойыны кезінде командалар табысты тұлға портретіне

Болашақ бүгіннен басталады...

сипат беріп, оның табыстылығының себептерін ашып көрсетті, бірнеше апта бойы «Қызықты фактілер қабырғасына» жинастырылған қызықты ғылыми жаңалықтар мен мектеп бағдарламасынан тыс ақпараттар байқауының нәтижелері қорытындыланды, олардың ішіндегі ең қызықтылары «Кентау» газетінің беттерінде жарияланды. Есте сақтау күні аясында бастауыш және орта буын сыныптары арасында шығармашылық байқау өтті: оқушылар көлемді аппликациялар мен сәулет ғимараттарының кішірейтілген үлгісін назарға ұсынды.



Болашақ бүгіннен басталады...


Аталмыш мектеп-лицейдің білім беру сапасы мен оқытушылардың тәлімдік әдістері оқушылар мен олардың ата-аналары тарапынан жоғары бағаланып отыр. Оқушылар мұғалімдердің мейірімділігі мен олардың әрқайсысын жеке қарастырып, ыңғайын табудағы ұмтылыстары олардың ішкі қасиеттерінің ашылуына ықпал ететінін ерекше атайды. Әумесер мінезді жеткіншектерді тәрбиелеу шаралары жүйелі түрде өткізіледі, ата-аналар мен оқытушылардың еңбегі арқасында бұндай балалар оқу көрсеткіштерін біршама жақсартты, спорт және басқа да қызығушылықтарға әуестене бастады. Мектеп-лицейдің мақтанышы әрі жетістігі – 2013 жылдың 13-қаңтарынан құрылған «Алға» аэроклубы ғарыш пен астрономияға құмар жандардың басын қосты. 2013 жылы мектепте Қазақстан, Ресей және АҚШ арасында онлайн-конференция өтті, клубпен байланысқа Ресейдің батыры атанған ғарышкер, «Союз ТМА-21» ғарыш кемесінің бортинженері, Андрей Борисенко шықты. Конференцияға «АэроТитаниум» компаниясының бас директоры Дмитрий Иванов пен «ЮДжиПи Сервис» компаниясының директоры Санжар Сүлейманов қатысты. Балалар мұндай майталмандармен кездескендеріне қуанып, сұрақ қоюға мүмкіндік алды. Клубтың командасы қазіргі таңда «CanSat» жобасы аясында ғарышқа шағынсерікті ұшырумен айналысып жатыр. Мектептің мақтанышы, «Рапсодия» би тобы өз құрамын жыл сайын жас буынмен толықтырады, ол қалалық мейрамдар мен мерекелік іс-шараларға қатысып, мектеп беделін көтеруде.

Биылғы жылы мектеп Президенті, 11 «А» сыныбының оқушысы, Елизавета Цой «Оңтүстік Қазақстан» газеті мен облыстық славяндық мәдениет орталығы, РФ елшілігі мен Алматыдағы РФ бас елшілігімен бірлесіп ұйымдастырған «Пушкин – біздің барымыз» тақырыбында шығарма байқауына ат салысып, Гран-при жүлдесін жеңіп алды. Байқаудың шарты бойынша байқау қатысушылары қазақстан-ресей достастығының даму тарихы туралы білгендерін ортаға салу керек-тұғын, жеңімпаздар Санкт-Петербург қаласына, «Алтын жүзік» шеңберіндегі қаларға жолсапармен марапатталды. Лиза А.С.Пушкин шығармашылығына көп қызығушылық танытады, ал оның өз өлеңдерін жазу мәнерінде орыс классигіне табынушылығы көзге түспей қоймайды.

2014 жылы Ержан Тәтiшев атындағы арнайы шәкіртақы Бағдарламасы бойынша жеңімпаздар қатарын толтырған Кирилл Верейкин оқу озаты болып қана қоймай, экологиялық мәселелерге көңіл бөледі. Мәселен, ол 2014 жылы өткен «Балалардың бизнес жобалары» атты республикалық байқауға «Ауыл шаруашылығына қажетті экологиялық технологиялар» жобасымен ат салысты. Өз жобасында Кирилл ауылшаруашылық қалдықтарын қызыл калифорниялық құрттардың көмегімен утилизациялау жолымен алынатын экологиялық таза әрі қауіпсіз тыңайтқыш алу жолдарын ұсынды. Сонымен қатар Кирилл облыстық «Үздік пианиношы» байқауында 2-орынды иеленді.

Политехникалық мектеп-лицей өз оқушыларына нақты ғылым пәндерін игеруге жағдай жасап отыр, оған оқушылардың алгебра, геометрия, физика пәндік олимпиадаларында алған жетістіктері дәлел болып отыр. Болашағын техникалық саладағы мамандықтармен сабақтастырған бұл оқу орнының түлектері Қордың білім гранттарына аса көп қызығушылық танытпайды.

Көрсетілген кестеге сәйкес мектеп бітірушілердің басым көпшілігі ақылы бөлімдерде



7-сурет. 2014 жыл түлектерінің айналысқан ісі бойынша үлесі

*Открыты небосводы, Вселенная сияет,
Как солнце в злате вечном огонь во мне пылает.
О молодость, прекрасна, могуча твоя сила!
Ты двери, все дороги с улыбкой мне открыла!*

*Мне хочется свободно птицею взлететь,
Познать, что значит счастье и истинная честь,
Парить над океанами, дарить добра тепло...
О как же несказанно мне с жизнью повезло!*

*Елизавета Цой, 11 «А» сыныбы,
Гагарина атындағы №16
мектеп-лицейі, Кентау қаласы*

Болашақ бүгіннен басталады...

білім алады (36%). Таңдалған мамандықтар алуан түрлі салада шоғырланған: экономика, халықаралық қатынастар, физика, ветеринарлық дәрігер, биология, туризм, педагогика және психология, қонақүй ісі. Одан кейін мемлекеттік грант иегерлері көрсетілген, олардың барлық түлектер ішінде алатын үлесі 28% құрайды. Таңдалған мамандықтардың ішінде: көлік құрастыру, жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндірісі мен технологиясы, аспаптар жасау, мейманхана ісі. Бір түлек Санкт-Петербург технология және дизайн университетінің көлік құрастыру бөлімінде оқуға грант алды. Мемлекеттік білім гранттарына қол жеткізе алмаған бітірушілердің 20% қызмет көрсету саласында жұмысқа орналасты: қыздар – даяшы, ал ұлдар Кентау қаласының көлік жөндеу орындарында слесарь қызметінде еңбектеніп жүр. Шымкент медициналық коллежінің «Медбике ісі» грант бөлімінде бітірушілердің 4% білім алып отыр, ал 12% Астана және Кентау қалаларындағы медицина мамандығы бойынша, Алматы қаласының электрэнергетик мамандығы бойынша ақылы білім алып отыр.

2. Біздің түлектер

Биылғы жылы Қордың он стипендиаты өздерінің статустарын түлектер статусына алмастырды. Бес бітіруші КИМЭП Университеті, Халықаралық Бизнес Университеті мен ALMU қаржы және экономика мамандықтары бойынша дипломдарын алды, тағы бесеуі Ортаазиялық техника-экономикалық колледжінің, Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінің, Алматы бизнес және басқару колледжінің, ALMU колледжінің IT технологиясы мен қаржы және аудит мамандықтары бойынша диплом алды.



Серіктес оқу орындарын таңдауда Қордың басты назарға алатын критерийі білім сапасы болып табылады. Қор өз серіктестерін егжей-тегжейлі зерттеу жүргізіп, олардың қарым-қатынас жасау мәдениеті мен стиліне негізделе таңдау жасайды. Білім сапасын қадағалайтын тәуелсіз қазақстандық агенттігі (IQAA-БСҚТҚА) дайындаған 2014 жылғы Ұлттық рейтингке сәйкес Қазақстанның үздік 50 жоғарғы оқу орындарының ішінде ALMU және КИМЭП Университеттері Қазақстандағы 2014 жылғы гуманитарлық-экономикалық оқу орындарының алдыңғы сегіз оқу орындарының тізіміне кірді. Аталмыш рейтинг академиялық және статистикалық көрсеткіштерді, эксперттер мен жұмыс берушілердің сауалнамаларын сараптау нәтижелеріне сүйене жасалған-ды. Бұл рейтингті құрастыруға қатынасқан аудитория алуан түрлілігімен ерекшеленді: талапкерлер мен олардың ата-аналарының, жұмыс берушілердің, университеттер әкімшіліктерінің, халықаралық ұйымдар мен өкімет органдарының пікірлері ескерілді.

Болашақ бүгіннен басталады...



Әйгерім Ноғайбаева
Павлодар қ., КИМЭП
Университетінің
2014 жыл түлегі

Менің атым Әйгерім Ноғайбаева, мен – Қордың 2014 жылғы түлегімін. Қазіргі кезде мен 2-курсан бері арман қылған «Procter&Gamble» компаниясында жұмыс істеп жүрмін. Бұл отбасы мен үйге қажетті тауарларды өндіретін жаһандық ұлттаралық FMCG (fast moving consumer goods) компаниясы болып табылады. Менің жұмысқа орналасуым ұзақ уақытқа созылды: ең алдымен онлайн-сынақтан, логика, математика және абстрактілі ойлау тестісінен, және де төрт сұхбаттан өтуім қажет еді. Алайда еңіме бұнымен біте қойған жоқ: сынақтың соңғы кезеңі болған үшайлық стажировкадан аман өткеннен кейін ғана мені компанияға қабылдады. Бұндай сынаққа таңдауына берік адамдар ғана төзе алады деп ойлаймын. P&G-ге бармас бұрын мені бұндай іріктеуді қажет етпейтін жақсы фирма шақырған болатын, алайда мен қолыма өзі түсіп тұрған мүмкіндіктен бас тарттым, және де осы шешімім үшін еш өкінбеймін. Менің қазіргі қызметім ойымнан шығады. Маркетинг саласында диплом алғанменен, сату саласында жұмыс істеуге университетте оқып жүрген кезімнен-ақ дайындалдым, сондықтан да қазір корпоративті сату бөлімінде жұмыс істеймін. Алдында айтқанымдай, P&G-де жұмыс істеу студенттік кезден бергі мақсатым еді. Бұған бірқатар себеп бар: компанияның халықаралық статусы, оның кеңінен танымал болуы мен әлеуметтік жауапкершілігі. FMCG саласындағы компанияда жұмыс істеу «сатушылыққа» бет бұрған адам үшін үлкен мектеп, сондықтан мен осындай мүмкіншіліктің барына қуанамын. Әрине, бұның бәрі де Қордың арқасында екені сөзсіз. Қордың қолдаусыз мен КИМЭП секілді жоғарғы оқу орнына жолдама алмас едім, ал КИМЭП-ті бітірмеген жағдайда, қатаң іріктеуден өтуім екіталай болар еді.

Осымен мен тоқтап қалмаймын. Менің жұмысыма қатысты және жаным қалайтын жоспар-мақсаттар, жобалар көп. Атар таңға үмітпен қарап, болашақтан тек жақсылық күтемін!

Қордың жаңа серіктесі, Сүлейман Демирел атындағы университет, жоғарыда аталған рейтингтегі оқу орындарының ішінде болмаса да, ондағы оқитын студенттер университеттің заманауи материалдық-техникалық базасын, корпоративті мәдениетін, мамандандырылған оқытушылардың жоғары дәрежелі құрамын атап айтуда, бұл өз алдына студенттердің оқуларына да, жаңа ортаға бейімделулеріне де оңды әсерін тигізеді. Әсіресе оқытушылардың студенттерге деген ерекше көзқарасы, олардың шешім қабылдаудағы педагогикалық даналығы, ыңғайын табуға деген ұмтылысы, білім алушыларға көрсететін сыпайылығы және студенттердің оқуға деген қызығушылықтарын ынталандыра білуі ерекше аталады.



Болашақ бүгіннен басталады...

Менің есімім Динара Ким, мен Ержан Тәтішев Қорының 2014 жылғы түлегімін. Осы аралықта менің өмірімде нендей өзгерістер болып жатқанын сіздермен бөліскім келеді.

Университетті бітіргеннен кейін басымда «мен немен айналысым келеді?» деген сұрақ туды. Менде бір үлкен таңдау болмады, себебі 4-курсқа оқып жүрген кезімде жұмыс іздеуге немесе сынақтан өтуге еш мүмкіндік болған жоқ, сол себепті мен оқуды бітіргенше жұмысқа тұра алмадым. Еліміздің экономикасында болып жатқан келеңсіз жағдайларға қарамастан, жұмыссыз қалам деген қорқыныш болған жоқ. Жұмыста тәжірибем жоқ болса да, зор менмендікпен жұмыс іздеуге кірістім. Жұмыс іздеуде мөлшерленген жұмыс кестесі мен үшін басты критерий болды.

Маусым айынан бастап қаржы саласында жұмыс табуға немесе сынақты өтуге бел буып, өзіме лайық жұмыс іздеуге кірістім, бірақ ол үшін де бір жыл жұмыс тәжірибең болу керек екен. Жасалған ұсыныстар көңілімнен шықпады, сөйтіп бірте-бірте құлшынысым басылып қалды. Кейіннен маған «Теле-2» компаниясынан сынақтан өтуге ұсыныс келіп түсті. Жұмысты тезірек бастағым келгендіктен, ойланбастан бірден келістім.

Мен үшін сынақтан өтем деушілердің көптігі тосын жайт болды. Тестілеуден өткен соң, сұхбаттасу болды, ал одан кейін мені HR бөлімінде сынақтан өтуге шақырды. Бір жағынан жаңа қызмет қызықты болғанымен, HR бөлімінде жұмыс істеймін деп ешқашан ойламаппын. Келгенше бұл компания жайында еш хабарым жоқ еді, бар білгенім оның телекоммуникациялық компания және ең арзан байланыс түрі екені еді. Шын мәнінде «Теле-2» - дискаунтер мен байланыс қызметін арзан бағада ұсынатын бүкіл әлемге әйгілі еуропалық байланыс операторы. Менің компаниядағы ұнатқаным — оның ұжымы, шетелдік компания болғандықтан, ондағы басқару стилі өзгеше, барлығы оңай көрінеді, бюрократия жоқ десе де болады. Өзім осы уақытқа дейін жасаған жұмысымда ешқандай келеңсіздік болған емес, сол себепті жұмысым барлық жағынан ұнайды.

Сынақтан өту мерзімі кезінде, үш ай бойы түйіндемелерге рекрутинг және скрининг жасаумен айналыстым, мамандарға жұмыстың егежей-тегежейін түсіндіруге көмектестім. Сынақтан ойдағыдай өткеннен кейін, маған коммерциялық блоктың ассистенті қызметін ұсынды, мен ойланбастан бірден келістім. Менің ойымша қол қусырып отырғанша, іске кіріскен дұрыс, болашақта өз мамандығым бойынша жұмыс жасауды жоспарлап отырмын. Жұмыс жағынан менің үмітім толықтай ақталды деп айта алмасам да, қазіргі жағдайым менің көңілімнен әбден шығады.

Болашаққа деген жоспарымды толықтыратын болсам, тұрмыс құрғаннан кейін өмірімде мен үшін отбасымның орны ерекше, сонымен қатар өз мамандығым бойынша әрі қарай дамуды жоспарлап отырмын. Шыныда да, Қор түлектері – ерекше жандар екеніне көзім жетті, олармен бірге өткізген сәттерім тәжірибе жинақтауыма, жұмысқа орналасуыма көмегін тигізді.



Динара Ким
Алматы қ. Халықаралық
Бизнес Университетінің
2014 жыл түлегі



Болашақ бүгіннен басталады...



Айнұр Сүлейменова
Талдықорған қ.,
ALMU 2014 жыл түлегі

Менің есімім – Айнұр Сүлейменова, мен Ержан Тәтішев Қорының түлегімін. Қордың арқасында Қазақстандағы беделді оқу орны, Халықаралық Бизнес Академиясының қаржы бөлімінде оқып, қаржыгер мамандығын меңгеріп шықтымын. Менің өз өміріме көңілім толады ма, десеңіздер, «Иә, әрине!» дегім келеді. Осыдан төрт жыл бұрын мені өз қанатының астына алып, маған сенім артып, мені жеңіске жетелеген адамдарға, Қорға шексіз алғысымды айтамын. Қор менің арманымды жүзеге асырды, өмірге келтірді. Тағдырымды шешкен «Құттықтаймыз, Сіз грантқа ие болдыңыз!» деген қоңырау әлі есімде, ол біз мезетте бүкіл өмірімді өзгертті.

Қазіргі таңда мен Үлкен төрттікке кіретін «Ernst & Young» атты аудиторлық компаниясында қызмет етемін, сынақ мерзімінен өткеннен кейін, аудит бөлімінің маманымын. Мұндай компанияға жұмысқа орналасу оңай болмады, себебі экономика мамандығы бойынша оқу орнын бітіргендер көп, мен екі тестілеуден және менеджер және аудит бөлімінің маманында өткен сұхбаттан басқа, тағы да екі сұхбаттан өттім. Іріктеу кезеңдерінен ойдағыдай өтуіме оқып жүрген кезде үйренген өдіс-тәсілдерім

көп көмектесті. Бұл жұмыс шынымен де менің айналысым келетін іс екеніне көзімнің жеткеніне қатты қуанамын! Күнбе-күн көптеген тапсырмаларды өзім білетін жұмыс реті мен ойлау қабілетімді қолдана отырып орындауым қажет. Жас және жайдары ұжым әрқашан көмектесіп, қолдайды, тек әріптестік қарым-қатынасты ұстанып қана қоймай, оларды дос ретінде қабылдаймын. Менің жұмысым жаңа нәрсе үйренуге және бір орында тоқтап қалмай, ілгері дамуыға жағдай жасайды, сертификатталған есепші болу үшін мен қосымша АССА емтихандарына дайындық үстіндемін. Бұл – жоғары білім алып, сүйікті жұмысқа тұрудан кейінге армандаған бақытты өмірдің үшінші кірпіші.

Мәнді әрі қызықты студенттік өмірім үшін, жаңа өмірге аяқ басуға мүмкіндік бергені үшін, менің ой-өрісімді кеңейтіп, дамытқаны үшін, еріктілер жобалардың арқасында әлеуметтік саналы адам болып, осындай дәрежеге жеткенім үшін Қорға үлкен рахмет айтқым келеді. Әрбір стипендиат еліктеуге тұрарлықтай болды, ал барлығымыз үлкен бір отбасына айналдық. Мұны сөзбен жеткізу мүмкін емес, достарыңмен бірге өткізген жаңажылдық сиқырлы кештер ешқашан ұмытылмас. Мен Ержан Тәтішев Қорының түлегі екенімді әрқашанда мақтанышпен айтамын. Маған артқан сенімдеріңізді ақтауға, Отанымыздың үлгі тұтар азаматы болуға уәде беремін. Қордың әрі қарай көркейе беруіне тілектестік білдіремін, ал стипендиаттардың кейінгі буынына сабырлық пен жігерлік тілеп, еш нәрседен қорықпауға шақырамын, армандардың орындалатынына сенімнен айрылмаңыздар!

Қазіргі кезде Қор түлектері өз еңбек жолдарын Қазақстанның алкогольсіз сусын шығаратын ТОО СП «Кока-Кола Алматы Боттлерс», әлемдік нарықтағы тұтыным тауарлар өндірісінің көшбасшысы ТОО «Procter & Gamble Kazakhstan» компаниясы, еліміздегі ірі ұялы байланыс операторы «Tele2» сияқты ірі компанияларында бастап отыр.

Болашақ бүгіннен басталады...

Қымбатты достар! Менің есімім Зекеева Мадина, мен Халықаралық Бизнес Академиясының, ал қазіргі таңда Almaty Management University деп аталатын оқу орны мен Ержан Тәтішев Қорының 2014 жылғы түлегімін. Осыдан тура 5 жыл бұрын мектеп оқушысы болған кезімде, Ержан Тәтішев Қоры жариялаған байқауға қатысуға қажетті құжаттарды жинастырумен болдым, кейін іріктеуден өтіп, еліміздің ең жақсы университетінде оқуға жолдама алдым!

Қор және ХБА-ның менің өмірімдегі рөлі өте зор, олар мен үшін алып дүниеге аяқ басып, бір бөлшегіне айналуға мүмкіндік берді, түрлі жағдайларда сыналып, өз үлесімді қосуды талап ететін әлеуметтік маңызды жобаларға қатыстырды. Ал бұл, құрдастар, теңдесі жоқ үлкен тәжірибе мен ұзақ жылдар бойына жадында қалатын естелік.

Дипломды алғаннан кейін үлкен таңдау үстінде болдым: не банк саласында жұмыс істеу, не компанияда өзімнің кәсіби жолымды бастауды таңдауым қажет еді. Қалауым халық пен кішігірім кәсіпорындарға қызмет көрсететін «Банк Kassa Nova» акционерлік қоғамына түсті. Аталмыш банктің негізгі мақсаты – ел мен шағын бизнеске кең ауқымды қызметтер көрсету сегментінде ілгері қатардағы банкке айналу. Менің банктегі қазіргі қызметім Сатылым Басқармасының Несиелеу менеджері деп аталады.

Бұл орынға орналасу үшін мен негізгі 4 сынақ кезеңінен өтуім шарт еді. Алдымен әрбір үміткердің сараптау қабілеттерін айқындайтын логика сынағы. Нәтижесінде менің алған ұпайларым (елдің айтуынша) тізімнің ең жоғарғы жағында орын алды. Одан соң мені 2-Басқармада екі аптаға созылған байқауға жіберді, онда өткен семинарлардың соңында білімім мен алған тәжірибе, машықтарымды жалпылауға арналған тесттен өтуге тура келді. Шешім қабылдаудың ең соңғы сатысы – Басқарма Директорымен сұхбат пен оның ақырғы шешімі еді.

Халықаралық Бизнес Академиясында алған білімім жұмысты бастап, табысты карьера жасаудың сәресіне айналды. Әрине, барлық сынақтан өту сипаттауға оңай болғанмен, күрделі болмады десем қате болар. Алайда ең бастысы мен өзіме ұнайтын қызметке кірдім, ал менің кәсіби маман ретінде қалыптасуымда алған білімімді қолдана білуім бүкіл өмірлік жолымның негізі мен іргетасы болмақ. Болашағы зор, ұзақ жылдар бойы қызмет көрсететін жаңа банктің көркеюіне куә болып, тәжірибе жинақтау қазіргі жұмыс істеп отырған банкті таңдауыма ықпал жасаған себептің бірі болып табылады.

Мен бала кезімнен бүгінгі БТА банкінде 35 жыл еңбек еткен анамның жолын қуып, банкир болудан басқасын армандамаған едім. Ержан Тәтішев Қорының стипендиаты атанған кезден бастап мен армандаған кәсіпті меңгеруге бірден-бір мүмкіндік туды, ал қазіргі сәтте мен Ержан Тәтішев Қорының жанұясына қосылғанымды үлкен бақыт деп есептеймін.



Мадина Зекеева
Семей қ АЛМУ
2014 жыл түлегі



Болашақ бүгіннен басталады...



Малика Үсерова
Алматы қ. Халықаралық
Бизнес Университетінің
2014 жыл түлегі

Мен, Үсерова Малика Ержан Тәтішев Қорының екі бағдарламасы бойынша екі мәрте стипендиаты атануға сәтім түсті, біріншісі орта-кәсіптік білім алуға бағытталған, ал екіншісі бакалавр дәрежесін алуға арналған бағдарлама.

Мен III топтағы мүгедекпін, №2 мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мектеп түлегімін. 2008 жылы мектепті аяқтаған соң, Қорға бірінші бағдарлама бойынша құжат тапсырдым. Байқаудан ойдағыдай өттім де, Алматы қазақ-түрік гуманитарлық-технологиялық колледжіне емтихан тапсырдым. Колледждің «Есеп және аудит» мамандығындағы Қор стипендиаты болып шыға келдім. 2011 жылы колледжді ойдағыдай аяқтағанан кейін, Қордың екінші бағдарламасы бойынша бағымды сынап, байқаудың барлық сынынан аман-есен өттім. Мен Қазақстанның беделді оқу орындарының бірі, Халықаралық Бизнес Университетінің «Есеп және аудит» мамандығы бойынша оқуға қабылдандым. Бұл менің студенттік кездегі ең жақсы жылдарым еді. Мені бірден 2-курсқа қабылдады, біраз уақыт өткеннен кейін тобымдағы балалар мені бірауыздан топ жетекшісі етіп сайлады, содан университетті бітіргенше алмаспайтын жетекші болып қала бердім. Ал оқу орнының

жетекшілері мені факультет жетекшісі етіп сайлады. Осылайша мен өзіме көптеген достар тауып, көңілді студенттік өмірді бастан кешірдім.

2014 жылдың 2 қаңтардан бастап тәжірибелік жұмысымды бастай салысымен, мен «Кока-Кола Алматы Ботлерс» компаниясының төрт кезеңінен тұратын сұхбатынан өтіп, өткізу бөліміне стажер-есепші ретінде жұмысқа қабылдандым. Бұл халықаралық компания болғандықтан, басында біраз қиналуға тура келді: университетте оқыған кезде SAP, Basis, Навигатор, VOYAGE сияқты бухгалтерлік бағдарламалар түрлерінен мүлде хабарсыз болған мен, оларды жұмысымда қолдануым қажет болды, оған қоса мемлекеттік емтиханға дайындалып, дипломдық жұмысыма көңіл бөлуім керек болды. Бір айдан кейін бұл бағдарламаларды тез-ақ меңгеріп, мемлекеттік емтиханды да, дипломдық жұмысымды да 100 ұпай алып тапсырдым.

Студенттік кезде оқып жүрген колледжім «Кока-кола компаниясының» маңайында орналасқан еді, сол арадан өтіп бара жатып, біз болашақ туралы әңгіме қозғайтын едік. Менің мақсатым да, арманым да үлкен және табысты халықаралық компаниялардың бірінде қызмет жасау. Мақсатыма жетуіме Қор қамқоршылары, Ерлан және Еркіннің істеген істері үлгі болды, олар қайтыс болған бауырлары, Ержан Тәтішевтің атын жаңғыртып, елімізде бұрын соңды болмаған қайырымдылық қорын ашты. Қаржылық жағдайы төмен отбасыларынан шыққан балаларға үздік жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік беру – бұл ірі және салмақты жоба. Қордың негізгі қағидаттарының бірі – айналадағыларға ізгілік және қайырымдылық көрсету эстафетасы. Қор бізді көмекке мұқтаж жандарға көңіл бөліп, қамқорлық жасауды үйретті. Әрқайсысымыз кішкентай жетістіктерден бастап, алға ұмтылды, сол қарқынмен ірі халықаралық компанияларға қосылып, арманға қол жеткіздік.

3. Стипендиаттар клубы

Байқаудың іріктеуінен өтіп, Қордың құрамдас бөлшегіне айналған әрбір грант үміткері жоғары үлгерім көрсетіп, Қордың құндылықтары және принциптерін қолдауы шарт. Мектеп, колледж және балалар үйлері түлектеріне арналған білім Бағдарламасының грант иегерлеріне әлеуметтік маңызы бар жобаларға ат салысу қойылатын шарттардың бірі болып табылады. Осы орайда стипендиаттардың әлеуметтік белсенділіктерін қадағалап, ретке келтіру мақсатымен 2007 жылы Қор стипендиаттарының басын қосатын стипендиаттар Клубы атты бейресми бірлестік құрылды. Еріктілік жұмыстар түрлері халықаралық бағдарламалардан бастап, отандық, я халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың кішігірім жобалары арасында ауытқуы мүмкін. Оқу жылы ішінде әрбір стипендиат қайырымдылық мақсаттарын жүзеге асыруға 192 сағат көлемінде уақыт жұмсауы қажет, ал жұмыс қай уақытта және қандай қарқындылықпен атқарылатынын стипендиат өз бетінше шешеді. Жобалардың маңыздылығы олардың жағдайы нашар адамдардың өміріне оңды өзгеріс жасаудағы қосатын үлесімен анықталады. Қандай да бір жобаға жұмсалған сағат саны еріктілік жұмыстарын реттейтін Нұсқаудағы баға беру торына сәйкес есептеледі, мұндағы қайсыбір жобаны орындауға жұмсалған әрбір сағат сол жобаның маңыздылығы, ауқымдылығы, күрделілігі мен ұзақ мерзімділігіне қарай индексацияланады. Бұндай айырмашылықтың орын алуы жобаларға әділ баға беруге мүмкіндік береді, өйткені интеллектуалдық еңбек пен шығармашылық қабілетті

Болашақ бүгіннен басталады...


талап ететін жобалар тек екі қол мен екі аяқтың күшін қажет ететін жобалармен бірдей бағаланбау тиіс. Стипендиаттардың шығармашылық қабілеттерін ынталандыру мақсатымен еріктілік сағаттарының ең жоғары көрсеткішіне Клубтың барынша көп мүшелерін тартатын стипендиаттардың өз жобалары ие бола алады.

Стипендиаттар ішінен топ жарып шыққан көшбасшылар өз еріктілік жобаларына дем беріп, коммерциялық емес ұйымдардың жобалары мен бағдарламаларын іске асыруда қолдау көрсетіп отырады. Клуб қызметінің негізі – стипендиаттардың алдыңғы мен кейінгі буындарының арасындағы ара-байланысын нығайтатын мираскерлікте. Клубқа стипендиат қатарына қосылған жастар мүше бола алады, алайда мүшелік оқу бітіп, диплом алғаннан соң аяқталмайды. Түлектер Қор жұмысына әрдайым қызығушылық танытып отырады, болашақ стратегиясын талқыға салып, Қордың ажырамас бөлшегі болып қалуда. Қордың мақсаттарын қолдап, оның болашағына үлес қосқысы келетін жандар үшін Клуб есігі әрқашан ашық.

Жылына бірнеше рет Клуб мүшелері көкейкесті мәселелерді талқылау үшін бас қосады. Стратегиялық маңызы жоғары шешімнің бірі – Қор түлектерінің атынан қосымша білім грантына қаражат жинастыру. Қамқоршы Кеңестің отырысында Қор стратегиясын талқылаған кезде, Қордың мираскерлік дәстүрлеріне ерекше көңіл бөлініп, жұмыс істеп жүрген түлектердің қаржылық үлесі жайында әңгіме қозғалған еді. Осындай игі бастамаға жастарымыз құлақ түріп, қосымша грантқа қаражат жинастыра бастады. Бұл грантқа Қорда күні бүгінге дейін қолданылып жүрген байқау негізінде бағдарлама үміткерлері арасынан көзге түскен жастар иегер бола алады. Жарналар есеп-қасалық бөлімшелер, төлем терминалдары, Казкоммерцбанктің е-рау электрондық төлемдер жасау жүйесі мен барлық банктердің интернет-банкинг жүйесі арқылы жасалынады.

Еріктілік жобаларын бағалау кезінде стипендиаттардың өз жобалары және серіктес ұйымдардың әлеуметтік жобаларын қолдау жоғары ұпайға ие болады. Қордың серіктесі болып табылатын коммерциялық емес ұйымдарға жүйелі түрде көрсетілген көмек ерекше байқалады, бұл өз алдына серіктестікті одан әрі нығайтып, байланысты күшейтуге, және Қор беделін арттыра түседі. Өткен уақыт ішінде стипендиаттар өз бастамаларын іске асырып, серіктес ұйымдардың қайырымдылық істеріне көмек көрсетіп, алуан түрлі жобаларға ат салысты. Жастарымыз техникалық және ақпараттық қолдау көрсетті (мәтін аудармалары, фирмалық стильді жасап шығару, шараларды ұйымдастыру), жағдайы төмен топтардың қабілеттерін жақсарту мақсатындағы жобаларды орындады (ата-аналарының қамқорынсыз қалған балаларға түрлі тақырыптар аясында танымдық сабақтар, ойындар мен мерекелік шаралар, балалар үйлерінде тәрбиеленіп отырған балаларды ұйымшылдыққа итермелейтін шаралар, қаржылық жағдайы төмен отбасыларынан шыққан балалардың ағылшын тілін үйрету), мәдени құндылықтарды жандандыру шараларды ұйымдастырды (ҰОС-ның ардагерлері, мүгедектері мен тыл еңбеккерлеріне және ата-аналарының қамқорынсыз қалған балаларға арналған мерекелік шаралар), экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жобаларға ат салысты (аймақты тазарту мен жақсарту жұмыстары), өмір мен денсаулық сақтау сұрақтарына өз үлестерін қосты (ауыр науқасқа шалдыққан адамдарға қолдау көрсетуге бағытталған қайырымдылық акциялары). Стипендиаттардың іске асырған әрбір жобасы Қор беделін арттыруға үлесін қоса отырып, оның халыққа тек грантберуші ұйым ретінде ғана көрініп қоймай, Қазақстан дарынды жастарының көшбасшылық бастамаларын алға итермелейтін ұйым ретінде қабылдауына әсерін тигізеді.

Болашақ бүгіннен басталады...



8-сурет. Қызмет түріне байланысты бөлінген 2014 жыл жобалары

Жобалардың басым бөлігі халықтың мәдени деңгейін көтеруге бағытталған (30%), одан соң оқу-ағарту мақсатындағы жобалар орын алып отыр (18%), спорттық тәрбиемен, жастардың қызығушылықтарын ілгері жүргізумен, гуманитарлық көмекпен байланысты жобалар бірдей үлеске ие болды (11%-дан), ең аз мөлшерде жүзеге асқан экологиялық сұрақтар мен техникалық жәрдемге қатысты жобалар болды (4%-дан).

Өткен жыл ішінде жүзеге асырылған 47 жобаның ішіндегі 27-сі ауқымды жобалар қатарына жатады. Жобаларға қатынасқан, оның ішінде Қор стипендиаттарын қосып санағандағы еріктілер саны – 577 адам, 782 бенефициар тікелей көмек пен қолдау алды. Еріктілік шараларды орындау барысында 9 білім ордасы, 13 қоғамдық ұйым, 7 балалар интернаттық мекеме, 3 халықаралық және 7 коммерциялық ұйым серіктес ретінде ат салысты:

Білім ордалары:

1. ALMA Университеті
2. КИМЭП Университеті
3. Сулейман Демирел атындағы Университет
4. Қарағанды қаласының дарынды балаларға арналған «Мұрагер» мектебінің түлектері
5. Қимыл-қозғалыс-тірек жүйесі бұзылған балаларға арналған №2 мектеп-интернат
6. Қазақ Спорт және Туризм Академиясы
7. Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық кітапхана
8. Каспий Университеті
9. Қазақ Бас сәулет-құрылыс Академиясы

Қоғамдық ұйымдар:

1. Ержан Тәтішев Қоры
2. «Бауыржан» Қоры
3. «Аманат» ұйымы (КИМЭП Университеті)
4. «ДОС» қайырымдылық ұйымы
5. Республикалық онкология орталығы
6. «Мағжан» клубы
7. «Ақ-ниет» клубы
8. «Vision» клубы
9. «Аяла» Қайырымдылық қоры
10. Қазақстан Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы
11. Қазақстан баспагерлері мен кітап таратушыларының ассоциациясы
12. «Елена Безрукованың орталығы, оқыту мен косалтинг»
13. ҚР Достық Үйі

Болашақ бүгіннен басталады...

14. Тұңғыш Президент паркі

Балалар интернаттық мекемелері:

1. №1 балалар үйі
2. «Нұр» балалар үйі
3. «Ковчег» балалар үйі
4. «Бағанашыл» балалар үйі
5. Кәмелеттік жасқа толмаған жеткіншектерге арналған уақытша беімделу баспанасы
6. Қаскелең қосалқы мектеп-интернаты, Қаскелең қ.
7. Астана қ.-ның КММ «Балалар үйі»

Халықаралық ұйымдар:

1. Enactus Kazakhstan
2. AIESEC
3. Британ-Қазақ қоғамы

Коммерциялық ұйымдар:

1. World Class Almaty фитнес-клубы
2. Jeans Bar
3. ҚазҰУ-дың У.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы
4. ТРЦ Mega Park, Chaplin Mega RealD
5. «Calliano» кафесі
6. «Арман» кинотеатры
7. IT Union

Төменде барлық жобалар ішіндегі ең қызықты әрі көрнекті бастамалар жайында айтылған.

Сәуір 2014. Алматы қаласының Ардагерлер үйіндегі қарияларға арналған мерекелік концерт пен қаражат жинақтау мақсатымен ALMU мен «ДОС» қайырымдылық ұйымының бірлесіп өткізген акциясы.



«Мен Университеттің төрінде өткен жәрмеңкені жеміс-жидек жәрмеңкесін ұйымдастыруға көмектестім. Жемістерді сатудан жиналған қаражат ардагерлердің мұқтаждықтына тапсырылды»

Анастасия Пирогова
ALMA Университеті, 3-курс
Қордың 2012 жылғы стипендиаты




Болашақ бүгіннен басталады...

Маусым 2014. Астана қаласындағы Балалар үйінің жеткіншектерін ұйымшылдыққа баулыту шарасы.

*«Менің өмірлік ұстанымым -
Мақсат қойсаң, жете біл,
қиындыққа төзе біл!».
Жобаны жүзеге асыру
барысында осы принцип
жайында, «жанұя» сөзінің
мән-мағынасы мен
ұйымшылдықтың
маңыздылығын түсіндіруге
тырыстым»*

Альберт Воронцов
ALMA Университеті,
3-курс
Қордың 2012 жылғы
стипендиаты



Тамыз 2014. Оң жақ мишық гемисферасының фибриллярлық астроцитомасы науқасына шалдыққан Қарағанды қаласының 6-жасар тұрғыны, Бағдатова Аделдің еміне қаражат жинау үшін ұйымдастырылған қайырымдылық концерт.

2 августа (в субботу) в центральном парке с 12:00 до 20:00

БЛАГОТВОРИТЕЛЬНАЯ ЯРМАРКА
СОВМЕСТНО
С БЛАГОТВОРИТЕЛЬНЫМ КОНЦЕРТОМ

ЭКСКЛЮЗИВНЫЕ ИЗДЕЛИЯ РУЧНОЙ РАБОТЫ, МЯГКИЕ ИГРУШКИ, ШАРЫ, СЛАДОСТИ,
А ТАКЖЕ РАЗЛИЧНЫЕ МАСТЕР КЛАССЫ.
В КОНЦЕРТЕ УЧАСТВУЮТ ТАЛАНЛИВЕЙШАЯ МОЛОДЕЖЬ КАРАГАНДЫ



Бағдатова Адел
Диагноз: Фибриллярная астроцитомы правой гемисферы мозжечка.
Вторичная окклюзионная гидроцефалия.

Реквизиты:
АО «Казкоммерцбанк»
№ текущего счета: KZ1292615017V1976000
№ карточки: 6762 0535 0843 0398
Реквизиты отца Бейсембаев Алиби:
АО «Народный Банк Казахстана»
№ текущего счета KZ21601000201179594
ДБ АО «СБЕРБАНК» № текущего счета:
KZ12914012204K202C93
АО «Казкоммерцбанк» № текущего счета:
KZ1592615015G6761000
ПЛАТЯЩИЙ: БИК: КТ072000000



«Өзім бітірген Қарағанды қаласындағы «Мұрагер» атты мектеп түлектері бір кішкентай қызға жәрдемдесуге бел буып, шараны өткізді. Жәрмеңкені өткізу оңай болған жоқ: қолөнер бұйымдарын жасауға керекті жабдықтарды сатып алуға көмектесетін демеушілерді табу, сатудан түскен табыс қайырымдылыққа жұмсалуды үшін сатушылармен келісу, сахнада өнер көрсете алатын дарынды адамдарды, музыкалық аппаратура мен қызығушылық танытқан белсенді еріктілерді табу – қиын іс еді. Бірлесіп істеген істен 325 000 теңге жиналып, Аделдің еміне берілді»

Айдана Байгутанова
КИМЭП Университеті, 2-курс
Қордың 2013 жылғы стипендиаты

Болашақ бүгіннен басталады...

Қаңтар – маусым 2014. Нидерланд Корольдігінің Арнем қаласындағы HAN Arnhem Business School-да өткен Rehema Home, Кенуа жобасы бойынша ұйымдастырылған футбол жарысы.




«Мен Rehema Home, Кенуа жобасына жауапты студенттер тобының құрамында болдым. Бұл жоба бүкіл әлем жастарына Кениядағы тастанды, ауру, зорлыққа ұшыраған, өлім аузында жүрген балалар жайында хабарлауды көздейді. Біздер Франция, Канада, Венгрия мен Ирландия студенттерімен бірлесіп, студенттер арасында футбол жарыстарын ұйымдастырдық, балалардың еміне 300 еуро көлемінде қаржы жиналды»

Жанна Жұмағұлова
КИМЭП Университеті, 3-курс
Қордың 2012 жылғы стипендиаты



Қыркүйек 2014. «Аяла» қайырымдылық қоры мен Британ-Қазақ қоғамының бірлесіп өткізген 10 BKS Charity Race атты қайырымдылық жүгірісі.



Болашақ бүгіннен басталады...

«Бұл жобаның қызықтырған және қуантқан жағы – оның адамдарды спортпен шұғылдануға тартқандығы. 100-ге жуық жүгіріс қатысушылары мен 100 шара ұйымдастырушылары, еріктілер, спортсмендер, демеу көрсеткен ұйымдардың өкілдері Алматы және Алматы облысындағы сәбилер үйлерінде «Дәрігер-бөлме» атты жоба бойынша сенсорлық бөлмелерді іске қосуға қаражат жинау мақсатымен Тұңғыш Президент Паркінде бас қосты.

Айдана Байгутанова
КИМЭП Университеті, 2-курс
Қордың 2013 жылғы стипендиаты

Қыркүйек – қазан 2014. Қаскелең қосалқы мектеп-интернаты шәкірттеріне арналған танымдық-тақырыптық шаралар.

«Қаскелең қосалқы мектеп-интернаты жеткіншектеріне барып жүргенімізге бір жылдай болып қалды. Түрлі шараларды өткізе отырып, біз олардың рухын көтеруге, бос уақыттарын түрлендіріп, бұрын білмеген қызықты жәйттар жайында әңгімелеуге, жалпы қолдау көрсетуге тырысамыз. Жоба аясында 12-15 жас арасындағы 40 балаға, 5-10 жас арасындағы 50 балаға көмек көрсетілді. Балалар бізбен кездесуге, көңіл беріп араласуға әрқашанда дайын»

Нұржан Күлшебаев және Айсұлу Еникеева
Сулеймана Демиреля Университеті, 2 және 1-курс
Қордың 2013 және 2014 жылдар стипендиаттары




Болашақ бүгіннен басталады...

Қазан 2014. 4-сатылық нейробластома, яғни іш құрылысының қатерлі ісігі науқасына шалдыққан Айымжан Досжан деген бүлдіршіннің еміне қаражат жинау мақсатымен «Calliano» кафесінде өткен қайырымдылық жәрмеңкесі.

«Елдің тәтті дәмдер мен әшекей сатып алу үшін емес, баланың өмірін сақтап қалу үшін келгендері жанға шипа болды. Барлық керекті қаражат мөлшері 250 мың долларға тең! Көп адамның жиналғандығы қатты қуантты. Жиналған қаражат Айымжанның отбасына берілді»

Айдана Байгутанова
КИМЭП Университеті, 2-курс
Қордың 2013 жылғы стипендиаты



Қазан 2014. Соқыр адамдарды қолдау мақсатында жүзеге асырылған AIESEC-тің «Invisible World» атты жобасы.




Болашақ бүгіннен басталады...

«Invisible World – бұл адамдарға көзі соқыр жандардың қалай өмір сүріп жатқанын сездіру үшін, ал ең бастысы, көз көрмегеннің өмірі өзгеше өмір екендігін көрсетуді көздеген бірегей жоба. Жоба қатысушыларына қараңғы жерде тамақтанып, біраз уақыт көзі көрмейтін адам орнында болу ұсынылды»

Анастасия Пирогова
ALMA Университеті, 3-курс
Қордың 2012 жылғы стипендиаты


Қазан 2014. Құрбан айт қарсаңында өткен қайырымдылық акциясы мен Алматы қаласының №1 балалар үйі шәкірттеріне арналған концерт.



«Қазан айында мен қырық студенттің басын қосқан топпен бірге 10 зейнеткердің үйіне жолықтым. Қарттардың көбісі мүгедек болып табылады, бәрінің де қаржылық жағдайы нашар. Құрбан айт мерекесі қарсаңында оларға азық-түлік дорбалары тапсырылды. №1 балалар үйінің 1-6-сыныптарында оқитын 50 жеткіншегіне арнап мерекелік концерт пен фуршет ұйымдастырылды. Осы жобаның арқасында мен әртүрлі жастағы адамдармен жұмыс істеу ерекшеліктерін меңгеріп, Балалар үйі жеткіншектерімен дос болдым»

Айсұлу Еникеева
Сүлейман Демирел атындағы Университеті,
1-курс
Қордың 2014 жылғы стипендиатка

Қараша 2014. III Орта Азиялық кітап Форумы – Әдебиет Фестивалі.



Болашақ бүгіннен басталады...

«Аталмыш жоба Қазақстан Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, Қазақстан баспагерлері мен кітап таратушыларының ассоциациясы, «Елена Безрукованың орталығы, оқыту мен консалтинг» атты ұйымдардың ниетімен жүзеге асты. Жобаға серіктес болып ҚР Достық Үйі ТРЦ Mega Park, Chaplin Mega RealD, Қазақ Спорт және Туризм Академиясы, Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық кітапханасы, Каспий Университеті қатынасты. Бұл өз алдына жоба ұйымдастырушысы, Британ баспасын, әлемнің 18 мемлекетінен өкіл болып келген жазушыларды, Орта Азия мемлекеттерінен келген байқау қатысушыларын және қонақтарды қарсы алып күткен Қазақстан сияқты бірнеше елді қамтыған халықаралық жоба еді. Фестивальға қатысушылардың бәрі ұмытылмас әсер, жақсы тәжірибе алды. Ұйымдастырушылар залда отырғандардың ішінде бір ауыз сөз айтам деушілер бар ма деп сұрағанда, жүзі жылы бір қария сахнаға қарай жүгіріп, қуанышын қойнына сыйғыза алмай, ұзақ сөйледі! Қария сөздері отырғандардың көңілдерін босатып жіберді! Қонақтар бір-бірімен әңгіме құрды, әйгілі жазушылармен араласып, үлкен рухани азық алды. Біз болсақ, еріктілілер жұмысын атқару барысында орыс тіліне ағылшын тіліне және керісінше ауызша аударма жасау машықтарын жақсарттық, көптеген әйгілі жазушылармен жүздесіп, бір топта бірігіп жұмыс істеген шараға ат салысқан басқа да еріктілермен таныстық, және, жалпы айтқанда, пайдалы ақпаратқа қол жеткізіп, әдебиет әлеміне саяхат жасадық»

Айдана Байгутанова, КИМЭП Университеті, 2-курс
Алзаур Кебекбаев, АЛМА Университеті, 1-курс
Әмірхан Сапабеков, КИМЭП Университеті, 1-курс
Қордың 2013 және 2014 жылғы стипендиаттары



Болашақ бүгіннен басталады...

Желтоқсан 2014. Қаскелең қосалқы мектеп-интернатының жеткіншектеріне арналған Жаңа жылдық концерт.



«Концертке 5-9 сыныптарының 40 оқушысы және концертті ұйымдастыруға үлес қосқан «Шапағат» еріктілер клубының мүшелері – 40 СДУ студенті қатынасты. Балалар мерекелік көңіл-күйге бөленіп, жағымды әсер алды, ал біз болсақ оларға қарап, көңіліміз толды»

Нұржан Күлшебаев
Сүлейман Демирел атындағы Университет,
2-курс
Қордың 2013 жылғы стипендиаты

Алғыс-хаттар:



III OPEN CENTRAL ASIA
BOOK FORUM & LITERATURE
FESTIVAL 2014

14-17 NOVEMBER
ALMATY, KAZAKHSTAN



Алматы қаласындағы «Open Central Asia Book Forum & Literature Festival» жобасының жетекшісі, Гүлжан Сарымсақова:

2014 ж. қараша айында Алматы қаласында «Open Central Asia Book Forum & Literature Festival» (OCABF-2014) өтті. Фестиваль Қазақстан Республикасының Мәдениет Министрлігі, Алматы қаласының әкімшілігі және Қазақ спорт және туризм академиясының қолдауымен «Hertfordshire Press» Британдық Баспагерлер Үйі, Қазақстан Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, «Елена Безрукованың орталығы, оқыту мен консалтинг» және Қазақстан баспагерлері мен кітап таратушыларының ассоциациясының ниетімен ұйымдастырылды.

Халықаралық деңгейдегі бірегей бұл шара әдебиетті Орталық Азия аймағында дәріптеу және жергілікті авторларды шет елдерге паш ету мақсатымен өткізілді. Ол барша әлемнің жазушыларының басын қосып, әдебиет саласына үлкен ақпараттық қолдау көрсетті.

Біздің елімізге әлеуметтік-мәдени тұрғыдан маңыздылығы жоғары бұл шараны ұйымдастыруда еріктілер үлкен қолғабыс тигізді. Жобаның Алматы қаласындағы «Елена Безрукованың орталығынан» жетекшісі болып тағайындалған Гүлжан Сарымсақова шараға ат салысуға ниет білдірген студенттерден, соның ішінде «Ержан Тәтішев Қоры» Қоғамдық Қорының стипендиаттарынан еріктілер тобын құрды.

«Елена Безрукованың орталығы, оқыту мен консалтинг» Ержан Тәтішев Қорының өз алғысын білдіреді. Осы орайда ерекше атап өтетін жәйт «Ержан Тәтішев Қоры» Қоғамдық Қоры ұзақ жылдар бойы дарынды жастарға өз өмірлік жолын таңдауға бірден-бір мүмкіндік беріп отыр. Жан-жақты әрі әділ іріктеу мен шығармашылық жобалар Қор байқауынан өткен жастардың ішкі қабілеттілігін анықтауға мүмкіндік береді. Сапалы білімге деген сұраныс әр уақытта бар екені мәлім.

Қайырымдылық көрсетуде Қордың қолданып отырға стратегиялық концепциясының кәсіби мамандарды даярлау мен жалпы мемлекетіміздің білім жүйесін дамытуға бағыт алғандығы өте маңызды. Қор қызметінде білім бағдарламаларының алғышарттары орынды үйлескен. Қордың бағдарламалары жастарды жан-жақты дамытып, олардың өсіп-өрбуіне жағдай жасайды және жолдарын ашуға мүмкіндік береді. Қордың жүзеге асырып отырған білім бағдарламасының негізгі құрамдас бөлшегі стипендиаттардың еріктілік жұмыстары болып табылады, осы талапқа сай болуға ұмтылған жастар үлкен тәжірибе жинақтап, оны өздерінің кәсіби маман ретінде даму барысында қолдануға мүмкіндік береді.

Біз «Ержан Тәтішев Қоры» Қоғамдық Қорының еріктілеріне: КИМЭП Университетінің студенттері, Байгутанова Айдананы, Сапабеков Әмірханды және ALMA Университетінің студенті Кебекбаев Алзаирды Алматы қаласында өткен «Open Central Asia Book Forum & Literature Festival» (OCABF-2014) III Халықаралық Әдебиет фестиваліне белсенділік танытып, мардымды үлес қосқандары үшін алғыс білдіреміз. Жастар бұл шараның маңыздылығын ескеріп, оларға жүктелген тапсырмаларды үлкен жауапкершілікпен орындады. Фестивальға дайындалу мен оны өткізу барысында аталған студенттер ағылшын тілінің жоғары деңгейімен көзге түсіп, өздерін еңбекқор, ынталы, елмен тез тіл табыса алатын мамандар ретінде көрсете білді. Шетелдік қонақтармен Фестиваль барысында өткізілген пікірталастар мен презентацияларға құлшына араласып, кітапқа, әдебиет өнеріне қызығушылық танытты. Біз

Болашақ бүгіннен басталады...

жастарымыз тәжірибе жинақтап, білім көзіне жол ашып, байланыстарын кеңейтті деп санаймыз.

Айдана да, Алзаир де, Әмірхан да адал еңбек етіп, тапсырылған істі жауапкершілікпен орындай білді, ал бұл өз алдына оларды үлкен жетістіктерге әкелетініне кәміл сенеміз. Оларға жеке және кәсіби өмірде табысты болсын дей отырып, өмірдегі жолдарын тауып, қоғамның пайдалы мүшелері болуларына тілектестік білдіреміз.

Қор қызметкерлеріне қоғам мұқтаждықтарын есепке ала отырып, пайдалы жұмысты өрге тартқан еңбектері үшін алғыс білдіреміз. Сіздердің игі істеріңізге өркендеу, жұмыстарыңызға шығармашылық табыс тілейміз!



«ДОС» Қайырымдылық ұйымының Президенті, Айнұр Ысқақова:

«ДОС» миссиясы – Almaty Management University шаңырағында қайырымдылықты дамыту, студенттерді мейірімділікке баулу және қолдау-қорғаусыз қалған қамқорсыз жандарға түрлі қайырымдылық бағдарламалары арқылы көмек көрсету. Біздің еріктілер Талғар қаласындағы «Нұр» және «Ковчег» балалар үйлеріне қамқорлық жасауда. Біз ҰОС ардагерлерін қолдау мақсатымен түрлі акциялар өткізіп, көмектесуге тырысамыз. «ДОС» Университет студенттерінен тұратын үлкен әрі ұйымшыл еріктілер тобын құрды,

ал соның ішінде біздің ұжым жұмысына үлес қосып отырған Пирогова Анастасияны ерекше атап өткіміз келеді. Ол Almaty Management University қабырғасында өткізілетін қайырымдылық шараларына белсене қатынасады. Настя «Нұр» балалар үйі жеткіншектеріне олардың шығармашылық қабілеттерін ашуға бағытталған арнайы тренингтер топтамасындағы ең қызықтыларын өткізді. Настя Пирогова сияқты жүрегі ашық, жаны таза адамның барына өз басым қатты ризамын. Алдағы уақытта Настя оның көмегіне зәру жандарға қолдау жасауға әлі де күш-жігерін салар деген ойдамын.



КИМЭП Университеті «Титандар» американдық футболы тобының бапкері, Санжар Исенов:

«Алматы Титандары» американдық футбол тобы 2014 жыл ішінде Ресей, Қырғызстан және Қазақстан топтары арасында өткен халықаралық турнирлерді өткізуде көрсеткен қолдауы үшін Арина Шкелихинаға алғысын білдіреді. 2014 жылдың ойын маусымы ішінде аталмыш ерікті өзін креативті дизайнер мен спорттық шараларды тамаша ұйымдастыра білетін менеджер ретінде көрсетті.

Бұл еріктінің мойнына біздің елімізде қарқынды дами қоймаған спорт түрі бойынша шараларды ұйымдастыру сияқты күрделі міндет жүктелді. Оның жұмысқа деген көзқарасы таң қалдырмай қоймайды. Американдық футбол Гиннес кітабына ойын ережелерінің алуан түрлілігімен және басымдылығымен енгізілгендіктен, ойын шарттарын түсінбейтін адам үшін ойын мәнін жете түсіну қиынға соғады, соның салдарынан топ құрамына жаңа ойыншыларды тарту қиынға соғады.

Шкелихина Арина «Американдық Футбол Федерациясын» Қоғамдық Бірлестігінің заңды тұлға ретінде тіркелуіне көмек көрсетіп, демеушілерді тартуға күш салды. Оның атқарған жұмысының арқасында ҚБ өз жұмысын бастады, спортсмендер амунициясын сатып алу және сыйға алу жолдары ойластырылды, көптеген Check-in.kz, VOXPOPULI, Yvision сияқты ақпараттық порталдар қол жетімді болды.

«Титандар» тобы «Ержан Тәтішев Қоры» Қоғамдық Қорына еліміздің әлеуметтік жобаларына еріктілер күшін үйлестіргені үшін алғысын білдіреді.



**КИМЭП Университетінің гранттар бойынша менеджері,
Достиярова Алима:**

КИМЭП Университетінің студенттеріне қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғыс білдіреміз.

Қазіргі уақытта Университетте Жұмағұлова Жанна, Байгутанова Айдана және Сапабеков Әмірхан деген 3 студент оқып отыр. Жастар тек жақсы жақтарынан көзге түсіп жүр. Әсіресе Жұмағұлова Жаннаны баса атап өткіміз келеді. Бұл – өте белсенді, ашық мінезді, елмен оңай тіл таба білетін бойжеткен. Оқуда жақсы көрсеткіштермен қуанып, студент ретінде Университет өміріне етене араласады. Сонымен қатар Жанна биылғы жылы «КИМЭП-тегі демалыс» атты мектеп оқушыларының рекрутинг шараларына қатынасып, Ержан Тәтішев Қоры жайында мағлұматпен бөлісіп, байқауға қатысу шарттары, эссені жазу, құжаттарды жинастыру, өтінімді өткізу жайында өз тәжірибесімен бөлісті, Қор мен Университет өмірінің мән-жайы жанында айтты. Мектеп оқушылары үлкен қызығушылық танытты. Осы оқу жылынан бастап Жанна Университеттің Корпоративті даму департаментінде жұмыс істеп, ұжымымыздың ажырамас бөлшегіне айналды. Ол еңбекқор, ісіне берік, қол ұшын созуға әрқашан дайын тұратын қызметкер ретінде ашылды. Осындай студенттер көбірек болғай!

2-курс студенті, Айдана Байгутанова өте жоғары үлгерім көрсеткіштеріне ие. 2014 жылы Қор грантына қол жеткізіп, КИМЭП студенттерінің қатарын толтырған Әмірхан екеуіне әлі де белсенділік танытып, Университеттің студенттік өміріне ат салысады деге үміт артамыз.



**Almaty Management University, халықпен байланыс
орталығының Директоры, Нұрия Хасанова**

Ержан Тәтішев Қорымен серіктестік Almaty Management University (бұрынғы ХБА) үшін қатарлы серіктестік болып қана табылмайды, Қормен жұмыс істеу біздің Университетіміз үшін стратегиялық даму тұрғысынан өте маңызды. Бұл бос сөз емес, шын мәнінде де солай, өйткені Академия кезінде жазылған стратегия мен жаңадан жазылған Университет стратегиясында да әлеуметтік жауапкершілік негізгі алып отырған бағдардың бірі болып табылады.

Қордың стипендиаттарды таңдауға көп көңіл бөлетіндігін ерекше атап өтетін жәйт. Біздің университетте оқып жүрген кездерінде олар жақсы жақтан көрсете білді. ALMU-да Ержан Тәтішев Қорының Бағдарламасы бойынша дәріс алып отырған студенттердің бірі, Альберт Воронцов оқу озаты ғана емес, университет бастамасы – жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламасының бір бөлімшелерінде жұмыс істеу барысында ісіне деген беріктілігімен және сенімділігімен еленген жігіт. Альберт біздің жоғарғы оқу орнында оқып, үлгірімі жақсы, бір мақсатқа ұмтылған студент және табысты жұмыскер ретінде көзге түсіп жүр. Қазіргі кезде ол интернационализация бағдарламасы аясында мемлекеттен тыс жердегі оқу семестріне дайындалып жүр.

Мұхтар Лекеров – ALMA Университетінің қазақ бөліміне түскен Қор стипендиаты. Мұхтар оқу орнының өміріне белсене ат салысады, түрлі жобаларға қатынасып жүр, әсіресе университет ребрендингі бойынша өткен пресс-конференцияда әдемі сөзімен байқалды, мерекелік, тағы да басқа шаралардың тұрақты жүргізушісі болған ол, университет клипінде түсіп, қазақ тілінде роликтерді дыбыспен көркемдеді. Сонымен бірге ол оқуда табысты әрі көшбасшылық қабілетін алға қойып, Almaty Management University-дің беткеуістар студенті болып отыр. Жақында ғана интернационализация бағдарламасы бойынша Франциядағы оқуынан көп әсер алып, орала салған бетте өз алдына жаңа мақсаттар қоюға асығып отыр.

Болашақ бүгіннен басталады...

Анастасия Пирогова – Университет аумағынан асып, одан да жоғары деңгейлі жетістіктерге қол жеткізген оқу озаты, ALMA Университетінің студенті әрі Қордың тағы да бір стипендиаты. Республика деңгейінде жұмыс істеп отырған AIESEC (Association internationale des étudiants en sciences économiques et commerciales) ұйымының жетекшісі болған ол, барша студент қауымдастығының сенімін ақтады. Настя көшбасшы болуымен қатар сүйкімді және ақкөңіл қыз.

Ержан Тәтішев Қорына осындай жақсы стипендиаттарға жол ашқаны үшін алғысымызды білдіріп, алдағы уақытта бірлесіп істеген жұмыс жеміс әкелсін демекпіз.



«АЯЛА» Қайырымдылық Қорының Президенті, Айдан Сүлейменова:

«Аяла» Қайырымдылық Қоры Ержан Тәтішев Қорына ізет білдіріп, Қорларыңыздың дарынды жастарға жол сілтеп, көмек көрсетуі – Қазақстанның зиятты әлеуетіне қосқан құнсыз үлесіңіз дегіміз келеді.

Қорларыңыздың грант иегері, Айдана Байгутанова, «АЯЛА» Жеке Қайырымдылық Қоры ұйымдастырған шараларға әлденеше рет ерікті болып қатысты. Айдананы білгелі оның бойында елмен тіл табыса білуі, іске жауапкершілікпен қарауы мен ақкөңілділігі деген қасиеттерін ерекше атап өткіміз келеді. Ол алға қойылған мақсатты жете түсініп, тосыннан пайда болған өзгерістерге тез бейімделеді, дау-жандалдан аулақ жүруге тырысады немесе пайда болған даудан тез арада шығу жолдарын іздестіреді.

Астана қаласының Балалар үйі, Дзюба Оксана Владимировна:

Балалар үйінің түлегі, Воронцов Альберт Ержан Тәтішев Қорының алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім гранттары Бағдарламасы бойынша Алматы қаласында өткен байқауынан іріктеліп, Халықаралық Бизнес Академиясында дәріс алуға мүмкіндік алды.

Ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар мен жетімдердің мүдделерін қорғау – Қазақстанның мемлекеттік саясатындағы негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Ержан Тәтішев Қоры жетім балаларға тәрбие беріп, әрі қарай дамытумен байланысты қамқорлық жасап отыр.

Қоғамдық жұмыстарға, акцияларға, фестивальдарға ат салысып, шығармашылыққа бет бұрып, елді шабыттандыру – оқу орнындағы еріктілік жұмыстарға баулып, елдің нағыз азаматы ретінде белсенділік танытқан түлегіміз Альберттің таңдаған жолы.

Оның елге ұйытқы болып, Қазақстанның жас буынының алдыңғы сабында тұруға деген ықыласы Ержан Тәтішев Қорының қолдауын тапты.

Қор қызметі қоғам өміріне саналы түрде араласып, жасаған ісіне жауапкершілікпен қарайтын, өзіне тиесілі құқықтарын қолданып, еркін әрі бүгінгі күннің бәсекелестігіне төзе білетін тұлғалардың бағын ашып отырғанына қуанамыз. Бұның дәлелі Балалар үйінің мақтанышы, Воронцовтың жеке тұлға ретінде қалыптасуынан, өсіп-өрбуінен айқын көрінеді. Болашақта шыңдала келе, Альберт Отанымызды үлкен биіктерге көтеретін серпінді жастар қатарына қосылып, үлкен шыңдардан көрінеді деп ойлаймыз.



ENACTUS ALMU Президенті, Қыдырбаев Әділ:

ALMA Университетінің студенті, Лаура Көпбаева, ENACTUS жобаларына белсене қатынасты. Оның ең көп үлес қосқан жобасы – «Вторая Жизнь», яғни қолданыста болған пластикалық бөтелкелерді «Жаңа өмір» атты кәдеге жарату жобасы. Аталмыш жобада Лаураға ұйымдастырушылық сұрақтар, жобаны үйлестіру, қала ішінде рейд жасау, пластикті зауыттарға тапсыру сияқты міндеттер жүктелді. Сонымен бірге ол сырт жақтағы Жаһандық кәсіпкерлік аптасы, ENACTUS әлемдік және ұлттық жарыстар сияқты шараларға өкіл ретінде қатынасты, командалық презентациялары мен кездесулерге дайындық шараларымен, Mobilizus атты жаңа жоба бойынша стратегиялық жоспарды дайындау ісімен айналысты.

Көпбаева Лаура – 70 адамнан астам топқа бас болуды сеніп тапсыруға болатын, Университет әкімшілігі, бүкіл команда мен студенттер алдында беделі жоғары, жобалармен жұмыс істеу барысында пайда болған қиыншылықтарды стратегиялық тұрғыдан әрі жан-жақты ескеріп, жобаларды іске асыру барысында жинақтаған тәжірибесі мен Almaty Management University-де алған тәлімін үйлестіре отырып шеше алатын адам. Білуімше, ол қала мен республика деңгейінде өткізілген шараларда бесенді ерікті ретінде көзге түсті.

Жеке басымның және де бүкіл ENACTUS ALMU командасы атынан сіздердің Қорларыңызға Көпбаева Лаураға грант бөлгендеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Лаураның жұмысы командалық да, Университетке де зор үлес қосты.

4. Біздің жетістіктеріміз


Жастарымыздың өз университеттері мен Қор стипендиаттары атанғандары оларға құнсыз білім мен тәжірибе көзіне қол жеткізуге, бүкіл әлемнің жастар қауымдастығы нендей өмір сүріп жатқанына куә болып, жағдайы төмен адамдардың ғана емес, күллі жаһан тұрғындарының өміріне өздерінің кішкентай болса да, мәні зор үлестерін қосуға мүмкіндік беріп отыр. 2015 жылдың жазында Қордың мектеп, колледж және балалар үйлері түлектеріне арналған білім гранттары Байдарламасының 2011 жылғы іріктеуінен өткен ALMA Университетінің 4-курс студенті, Лаура Көпбаева Латвияның Рига қаласындағы Балтық Бизнес Академиясында жаздық семестр Бағдарламасын өтуге жолдама алды. Лаураның жаздық семестрдің екі аптасы ішіндегі көріп келген қалалары, Сигулда мен Юрмала, көркем бейнелері мен байсалды әсемдігімен таң қалдырды.

Еуропаның 2014 жылғы мәдениет астанасында өткізген азғана уақыт ішінде Лаура «Туризмдегі маркетингтік ара-байланыстар» деген пән бойынша дәріс алды. Лаураның еуропалық оқыту үрдісіндегі атап өткен айырмашылығы – 60%-ға жуық уақыттың тәжірибелік жұмыстарға жұмсалғандығы. Лаура сапардың жағымды әрі пайдалы жақтарын пайдасына асыра білді: кәсіби маман ретінде қалыптасуына сөзсіз ықпал ететін білім мен тәжірибеге қол жеткізіп, тарихи ескерткіштерді өз көзімен тамашалап, Латвияның күнделікті өмірі мен салт-дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік алды.

Студенттердің алмасу бағдарламалары бойынша дәріс алу – кез-келген студенттің портфолиосына қосылатын құнды тәжірибе. Келешегі зор әрбір студент қарым-қатынас жасап, құнды тәжірибе алуды, біліммен сусындап, мәдени тұрғыдан өсіп, ой-өрісін кеңейтуді, отандық және шетелдік университеттердің оқыту әдістерін салыстыруды, өзге елде студенттік өмір ырғағымен бірге қозғалуды және жаңа дос табуды армандамай қоймайды. 2012 жылы КИМЭП Университетінің студенті және Қор стипендиаты атанған Жанна Жұмағұлова 2014 жылдың көктемгі семестрін Нидерландының Арнем қаласында орын алған HAN Arnhem Business School-ында өткізуге мүмкіндік алды.

Болашақ бүгіннен басталады...

Өзге елде бейімделу қиынға соққан жоқ – Жанна FLEX Бағдарламасының түлегі болып табылады. Нидерланды оны сәулет зәулімдерімен, орасан зор гүлдер фестивалімен, бай мәдени мұрасы мен либералды көзқарасымен таң қалдырды. Оқу уақыты футболдың 2014 жылғы әлем чемпионатымен қатар келген соң, Жанна Голландия ұлттық құрамасының жанкүйері ролінде болып, қызу ойынды тамашалай алды.



Болашақ бүгіннен басталады...




Сапардан оралған соң Жанна өзінің қалыптасқан мұғалім мен студенттер арасындағы қарым-қатынас жайында ойының түбегейлі өзгергендігі жайында бөлісті, себебі голландық оқыту жүйесі студенттердің білім алуға деген ынтасына негізделген. Лекцияларға қатысу я олардан бас тарту – студенттің өз еркінде, әр адам алған нәтижелеріне өзі жауапты. Жанна презентацияларды жасау, келіссөздер жүргізу, клиенттер мен топпен жұмыс істеу машықтарын жақсартты. Ол тек кәсіби тұрғыдан ғана емес, жеке тұлға ретінде де көтерілді: небір жағдайға түрлі мәдени көзқарастан баға беріп, халықаралық бизнес тілінде сөйлеу қабілетін арттырды, жер шарының түкпір-түкпірінен жаңа достар тапты. Білім алумен қатар Жанна Франция, Канада, Венгрия мен Ирландия елдерінен келген студенттермен бір топ құрамында Rehema Home, Kenya атты жобаға жауапты болды. Жоба мақсаты – Кениядаға тастанды, қамқорсыз қалған, зорлыққа тап болға, өлім үстінде жатқан, ауыр науқасқа шалдыққан балалар жайында барша әлем жастарына жеткізу және спорттық шаралар аясында қаражат жинастыру. Топ студенттер арасында футбол жарысын өткізіп, балалардың еміне 300 еуродан астам қаражат жинады.

ALMU-дың 4-курс студенті және Қордың 2011 жыл стипендиаты, Лаура Көпбаева, ENACTUS қозғалысының бір бөлшегі болған сәттен бастап, оның жас буынына әлемдік чемпионатында ел намысын қорғауға көмегін тигізуде. ENACTUS әлемдік кубогы әлемдік бизнес ошағы, Пекин қаласында өтті. Өткен орасан зор шара қатысушылары саны шектен асып, рекордтық деңгейге жетті – қатынасқан 5 000 астам адамның ішінде студенттер, академиялық орталық белсенділері, бизнесмендер, өкімет мекемелерінің өкілдері, ал ең бастысы, бәйгеге отыз төрт елден ат тізгінін ұстап келген топтар болды.

Болашақ бүгіннен басталады...

Шара өзінің ауқымдылығымен және алуан түрлілігімен таң қалдырды. Жарыстың кезеңдері студенттер мен бизнес белсенділері, профессорлар мен тәлімгерлер, топ ақылшылары арасында талқылап, тәжірибе алмасуға бағытталған шаралармен кезектесіп өткізілді. Демеушілер жәрмеңкесінде Wal-Mart, KPMG China, Nu Skin, Lenovo, Pepsi сияқты компаниялар шара қатысушыларын өздерінің өнімдері мен қызметі жайында хабардар етті.



Қазақстанды Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеттің құрамасы Enactus 2014 ұлттық жарыстарының жеңімпаздары паш етті. Әлемдік жарыста Қытай құрамасы жеңімпаз болып атанып, Қазақстан делегациясы елге сый алмай қайтса да, «жеңілдік» деген адам жоқ, себебі бүкіл әлем тұрғындарының өмірін жақсартуға ұмтылыс жасауда білім орындары мен бизнес-ұйымдардың басын қосқан ауқымды студенттік бағдарламаның бір бөлшегіне айналудың өзі – кез-келген студент үшін теңдесі жоқ тәжірибе, құрмет.

Enactus Әлем Кубогының алыптылығымен қатар қағаз, жібек, оқдәрі мен шәйдің отаны атанған жердің өзі таң қалдырмай қоймайды. Мыңдаған ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр мен бүгінгі өмір ағымын сабақтастырған бұл керемет мемлекет болашаққа кемеңгерлік пен жаңа заман технологияларын ұштастыра бет бұрып отыр. Сол үшін де Қытай бөтен ел емес, тіпті өзге планета болып көрінді. Лаура мүлде өзге өмір сарынын, әлемді қабылдаудағы өзгеше көзқарасты, өмір құбылыстардың орын алуын өзіндік ерекше философияға бағынатын себеп-салдармен түсіндіре білетіндерін ерекше атап өтті.

ALMA Университетінің 2 және 3-курс студенттері, Мұхтар Лекеров пен Нұрлыбек Мұсатаев та Қордың абыройын түсірмей, намысқа тырысты. Жігіттер студенттердің алмасу Бағдарламасы бойынша іріктеліп, оқудың бір семестрін Лиль қаласында орналасқан француз үздік оқу орындарының бірі IESEG School of Management-те өткізді. Үйден алыстап шықпаған жастарымыз үшін бұл сапарда елдің мәдениеті мен тұрмыс-салты, тамақтану дәстүрі мен оқыту жүйесі сияқты таң қаларлық жәйттар басым болды. Дәрістің басым көпшілігіне талдау және есеп жасау үшін алуан түрлі компанияларға жолығуды қажет етті. Теория мен тәжірибе

Болашақ бүгіннен басталады...

арасындағы байланыс, берілген тапсырмалардың шынайы өмір жағдайына барынша ұқсастығы лекциядағы ақпаратты терең ұғынуға себепкер болды. Бизнес-мектептің лекцияларына қатынасу – шәкірт алдына қойылатын міндетті талап емес, және оның қарқындылығы үлгірім нәтижелеріне кері әсерін тигізбейді. Сонымен қатар француз оқыту әдістемесі топтасып жұмыс істеуге көп көңіл бөледі, бұл өз алдына студенттер арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, Қытай, Индия, Италия т.с.с. басқадай мемлекет азаматтарымен достық қарым-қатынасын күшейтуге мүмкіндік берді. Мұхтар мен Нұрлыбек презентацияларды дайындап, ел назарына ұсынуда қомақты тәжірибе алды, түрлі мемлекет өкілдерімен тіл тауып, тереңнен ой суырып, өрістерін кеңейтті. Қатысқан шаралардың барлығында жастарымыз Қазақстан сияқты елдің бар екенін көрсетіп, оның салт-дәстүрі, халқы жайында әңгімеледі, сонымен бірге мектеп оқушыларына ағылшын тілін меңгеруге жәрдемдесті.



Болашақ бүгіннен басталады...


Халықаралық деңгейде өтетін шараларға қатысу, алмасу Бағдарламалары бойынша оқу – балалардың жетістіктері тізіміндегі сәнқойлық үшін емес, нақты өмір тәжірибесі, білгенінді салыстырып, білмегенінді сіңіруге бірден-бір мүмкіндік, жан-жақты дамыған әрі жоғары деңгейлі кәсіпқой маман ретінде қалыптасу үшін қажетті білім бұлағына сусындау жолы. Ержан Тәтішев Қоры өздері оқып отырған университеттердің, Қордың және барша мемлекетіміздің өкілі ретінде абыройын сақтап, Қазақстан туралы жағымды әсер қалдырып, атын биіктетуге кішігірім үлестерін қосқан жастарын мақтан тұтады.

5. Қаржылық есеп

2014 жыл ішінде Қордың жалпы шығындары 46 775 727,05 теңгені құрады, оның ішіндегі 65,47% бағдарлама аясында өткізілген жұмыс (9-сурет). Профильдік шығындар құрылымы бойынша Қор бағдарлама шығындарының жарымынан астам бөлігін білім гранттары Бағдарламаларына жұмсады - 58,43%. Шығындардың үштен бір бөлігі демеушілік жобаларға жұмсалды – 29,19%, одан соң бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті әкімшілік басқару шығындары – 6,06%, қайырымдылық бағдарламасы – 4,43%. Аз мөлшерлі сомалар Кентау қаласындағы жастар бастамаларын қолдауға жұмсалды – 1,30%, ал көшбасшылықты дамытуға – 0,59% жұмсалды (10-сурет).



9-сурет. Бюджет құрылымы, 2014 жыл



10-сурет. Профильдік әрекеттің құрылымы, 2014 жыл

Мекен-жайымыз

Адрес: Қазақстан Республикасы, Алматы қ.-сы, 050026
Байзақов к.-сі, 125 (Әйтеке би к.-сінің қиылысы),
Бизнес Центр, 4 блок, 335-кеңсе

Тел/Факс: +7 (727) 390 26 07
+7 (727) 391 07 18

E-mail: foundation@tatishevfoundation.kz
Веб-сайт: <http://tatishevfoundation.kz>